

#ЖаңаҚазақстан

Конституциялық реформа биліктің өкілді тармағын айтарлықтай күшейтеді. Үйлесімді және теңгерімді жүйені нығайтады. Мәслихаттардың ықпалын арттырады. Мәжіліс пен облыстық мәслихаттардың депутаттарын сайлаудың аралас мажоритарлы-пропорционалды моделі енгізіледі.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

#РЕФЕРЕНДУМ2022



ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНҒА
БАРАР ҚАДАМ

4-5

air astana



«ALMATY AQSHAMY»
енді әуеде қолжетімді

#ЕКПЕАЛ

2

2022 жылғы 24 мамырдағы
мәлімет бойынша АЛМАТЫДА
I компонентпен

1 101 578

II компонентпен

1 083 895

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 24 мамырдағы
мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА
I компонентпен – **9 498 963** адам,
II компонентпен **9 272 050** адам
вакцина салдырды.
Ревакциналанғандар саны –
4 297 424

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

24.05.2022

Түнде:



+10+15 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+23+25 °C

Көшпелі бұлтты,
өткірші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

25.05.2022

Түнде:



+13+18 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+27+32 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №56-57 (6192) 24 мамыр, сейсенбі, 2022 жыл.

МЕДЕУ

ЖАЗДА ЖҰМЫС ТОҚТАМАЙДЫ

«Жазғы орталық» деп аталған мұз айдынының жаңа жобасы
1 маусымнан бастап ашылады



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«Медеу» мұз айдыны өзінің 50 жылдығына орай жылдың ең ыстық мезгілі – жаз уақытында алғаш рет жұмыс істейтін болады. «Жазғы орталық» деп аталған мұз айдынының жаңа жобасы 1 маусымнан бастап ашылады. Дегенмен, демалушылар «Медеу» мұз айдынының бүкіл аумағында емес, қоршалған кіші бөлігінде ғана сырғанай алады.

9

Алматы
қаласының
әкімі

Ерболат
ДОСАЕВТЫҢ

Жетісу ауданының тұрғындарымен кездесуі 2022 жылдың
26 мамыры күні, сағат 15.00-де Гончаров көшесі, 23 мекенжайы
бойынша орналасқан №109 жалпы білім беретін мектепте өтеді.

КӘСІПҚОЙ БОКС

ҮЛКЕНДІ СЫЙЛАҒАН БАТЫР

«Қазақ салтында жастар үлкенге қарсы шықпайды»



Қазақ ежелден ерекше жаратылған жұрт. Оның ерекшелігі – ұлттық мінезінде жатыр. Қазақ боксшысы Жәнібек Әлімханұлы британиялық Дэнни Диггуммен кездесуден соң Головкинмен жудырық түйістіру туралы қитұрқы сауалға да жауап берді. «Қазақ салтында жастар үлкенге қарсы шықпайды», – деді Жәнібек Әлімханұлы.

10

Міне, қазаққа тән ірілік!
Нағыз бауырмалдық, тектілік!
Нағыз Алаш жұртының ұлдары!

ҚЫСҚА...

- 26 мамыр күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғыз Республикасына ресми сапармен барады.
- 27 мамырда Президент Жоғары еуразиялық экономикалық кеңестің отырысына қатысады.
- Бүгін Үкімет отырысы өтеді. Күн тәртібіндегі мәселелер: Vegetациялық кезеңде су ресурстарын тиімді пайдалану, елді мекендерді газдандыру.
- АҚШ Мемлекеттік хатшысының көмекшісі Дональд Лу Қазақстанға келеді.
- Женілдетілген автотөсімен 34 азамат көлік алды.
- Елімізде медициналық пойыздар қайта іске қосылды.
- Республика аумағында биоқауіптерді болжау жүйесі пайда болады.
- Биыл отандық киножобаларды қаржыландыруға шамамен 4,4 млрд теңге бөлінді.

www.almaty-akshamy.kz





ШАҒАҺАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

САПАЛЫ ЖОЛМЕН – САПАЛЫ ӨМІРГЕ

Алматыда жаңа жолдар салынып, жөндеу жұмыстары қарқынды жүріп жатыр

Биыл ұзындығы 221 шақырым 224 көшеге, оның ішінде ұзындығы 56,9 шақырым қаланың 19 магистральдық көшесіне орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі. «Ақжар» шағынауданында 48 шақырым жаңа жол салу жоспарланып отыр.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қалалық мобилділік басқармасының басшысы Ғани Мырзаханов мәлімдеді.

Спикердің айтуынша, Алматы қаласында көше-жол желісінің ұзындығы 3096 шақырымды құрайды. Оның 234 шақырымында қатты жабын жоқ. Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдар үлесінің көрсеткішін 95%-ға дейін жақсарту үшін 2025 жылға қарай 234 шақырым жаңа жол салу, ұзындығы кемінде 200 шақырым жолдарға жыл сайын орташа жөндеу мен қаланың барлық көше-жол желісін қамти отырып, 350 мың м² астам асфальтбетон жабынына ағымдағы жөндеу жүргізу жоспарлануда.

Басқарма басшысы Ғани Мырзаханов қазіргі уақытта қаланың «Алғабас», «Әлмерек» және «Қайрат» шағынаудандарында жұмыстар жалғасып жатқанын атап өтті. Сонымен қатар, «Ақжар» шағынауданында ұзындығы 48 шақырым жаңа жолдардың құрылысы басталды.

«Қайрат» пен «Әлмерек» шағынаудандары бойынша жұмыстар Энерготиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасымен келісе отырып, инженерлік желілер құрылысының аяқталуына қарай жүргізіледі. «Алғабас» шағынауданы бойынша жұмыстар ағымдағы айдың соңына дейін жалғасады. Жыл соңына дейін тағы 9 шақырым жол салу жоспарланған. Жол жұмыстары энергия тиімділігі және инфрақұрылымдық даму басқармасымен үйлестіре отырып, инженерлік желілер құрылысының аяқталуына қарай орындалуда», – деді басқарма басшысы.

«Ақжар» шағынауданында жұмыстар сәуір айында басталған. Биыл шамамен 10 шақырым жаңа жол салу жоспарда бар. Мамыр айының соңына дейін ұзындығы 800 м төрт көше бойынша жол жабыны жасалады. Оны толық аяқтау 2023 жылғы желтоқсанға жоспарланған.

«Шұғыла» шағынауданында тағы 6,9 шақырым жаңа жолдың құрылысын бастау



қолға алынбақ. Бұл жұмыстар тағы да Энерготиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасымен бірлесе отырып, инженерлік желілер құрылысының аяқталуына қарай орындалады.

ОРТАША ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ
ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Биыл ұзындығы 221 шақырым болатын 224 көшеге, оның ішінде ұзындығы 56,9 шақырым болатын қаланың 19 магистральдық көшесіне орташа жөндеу жүргізу жоспарлануда. Сондай-ақ, «Ақбұлақ», «Дархан», «Қарасу», «Тастыбұлақ», «Шұғыла» және т.б. шағынаудандардағы жолдар жөндеуінің болады.

Басқарма басшысы қазіргі уақытта орташа жөндеу аясында жол-жөндеу жұмыстары 39 көшеде, оның ішінде жеті магистральдық көшелерде, сондай-ақ «Тастыбұлақ», «Ақбұлақ», «Өжет», «Думан», «Алатау» (ЯФИ) шағынаудандарында жүргізіліп жатқанын атап өтті. Орташа жөндеу жұмыстарын ағымдағы жылдың қыркүйек айының соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

ҮШ КӨЛІК ЖОЛАЙРЫҒЫНЫҢ
ҚҰРЫЛЫСЫ ЖАЛҒАСУДА

Алматыда Бұқтырма көшесі – Құлжа трактісі, Сейфуллин даңғылы – Жансүгіров көшесі және Саин көшесі – Мөңке би көшесіндегі үш жолайрықтың құрылысы жалғасуда.

Бұқтырма көшесі – Құлжа трактісі жолайрығында жұмыстар кестеге сәйкес жүргізілуде. Қала мен облыс аумағы бойынша сатып алу толығымен аяқталды. Бірінші

жартыжылдықтың соңына дейін эстакада мен съездер салу бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын аяқтау, сол арқылы көліктің барлық бағыттарда жүруін қамтамасыз ету жоспарлануда. Абаттандырумен қоса толық аяқтау 2022 жылдың соңына дейін жоспарланып отыр.

– Сейфуллин даңғылы мен Жансүгіров көшесінің қиылысына келетін болсақ, онда да сатып алынған жол телімдерінде жұмыстар жүргізілуде. Дегенмен, жеті учаске сатып алынған жоқ. Аталған учаскелер бойынша сот рәсімдері жүргізілуде. Құрылыс-монтаждау жұмыстары осы учаскелерді сатып алу шамасына қарай орындалатын болады. Жұмыстарды толық аяқтау 2023 жылға жоспарланған, – деп атап өтті Ғ.Мырзаханов.

Саин көшесі – Мөңке би көшесі жолайрығы бойынша жобаға түзету жүргізілуде. Биылғы жылы осы жолайрық бойынша қозғалыс ашу жоспарлануда, ал жұмыстарды толық аяқтау 2023 жылға жоспарланған.

Спикерлер ұзындығы 6,4 шақырым Абай даңғылы, Саин көшесі және Әуезов көшесі деп аталатын үш көшені тесу және ұзындығы 4,5 шақырым (1 учаске – 2,2 шақырым, 2 учаске – 2,3 шақырым) Төле би көшесі бойынша екі учаскені тесу туралы айтты.

Абай даңғылын тесу бойынша бірінші жартыжылдықтың соңына дейін жерүсті жаяу жүргіншілер өткелдерін орнату мен абаттандыруды аяқтау жоспарлануда. Сондай-ақ, Алматы облысының әкімдігімен бірлесіп Абай даңғылын ҰАААЖ-ға дейін ұзарту жұмыстары басталады.

Саин көшесінің Рысқұлов даңғылынан

Мөңке би көшесіне дейінгі аралығы 3,2 шақырым, ұзындығы 1,6 шақырым учаскенің дайындығы 70%-ды құрайды. Басқа учаскеде 67 жер учаскесі сатып алуға түседі, оның 54-і сатып алынды, қалған 13 учаске бойынша жұмыс істелуде. Қазіргі уақытта сатып алынған учаскелерді бұзу және материалдарды дайындау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Толық аяқтау 2023 жылға жоспарланған.

Әуезов көшесін Гоголь көшесінен бастап солтүстік бағытта Гоголь көшесінің қиылысында жол төсемін және жабынның төменгі қабатын орнату, инженерлік желілерді қайта орнату және бағдаршам нысанын салу жұмыстары орындалды. Жалпы ұзындығы 0,8 шақырым. Жұмыстың толық аяқталуы 2022 жылдың бірінші жартыжылдығының соңына жоспарланған.

Ғ.Мырзаханов Яссауи көшесінен қала шекарасына дейін батыс бағытта ұзындығы 4,5 шақырым болатын Төле би көшесінің құрылысы басталғанын хабарлады. Нысанның құрылысына бөлінген шекараға 270 мненің иесінің жылжымайтын мүлкі түседі, оның ішінде 29 нысан сатып алынды, қалған 241 учаске бойынша жұмыс жүргізілуде. Дайындық және жұмылдыру жұмыстары мен материалдарды дайындау жүргізілуде. Ағымдағы жылы Алатау даңғылынан «Алма Сити» ТҮК-ге дейін жол жұмыстарын орындау және инженерлік желілерді қайта орнату жоспарлануда. Толық аяқтау жер учаскелерін сатып алу (алып қою) бойынша 2023-2024 жылдарға жоспарланған.

Суреттерді түсірген Саят Құсайынов

МЕРЕЙ

«ALMATY AQSHAMY»

енді әуеде қолжетімді



«Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттері «Air Astana» жолаушыларына қолжетімді.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Air Astana» әуе компаниясы – әлемдік деңгейдегі компания. Оның түрлі номинацияларда көптеген марапаттары бар және ол Қазақстанның Ұлттық авиатасымалдаушысы. «Air Astana» заман талабына сай, заманауи технологияларды енгізіп, өз жолаушыларының жайлылығы үшін қолдан келгеннің бәрін жасауда. Мерзімді басылымдарға қол жеткізуді де назардан тыс

қалдырмады. Егер бұрын бортқа баспа өнімдері жиналған болса, қазір «Air Astana» жолаушыларға ыңғайлы болу үшін арнайы жүйені іске қосты. Енді билетті сатып алу кезінде авиакомпанияның сайтында тіркелу кезінде кез келген жолаушы «My press» белгісі бойынша өте алады. Онда газеттер, журналдар тек сандық нұсқада ұсынылған, «Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттерінің нұсқасы да бар.

Financial Times, The New York Times, Frankfurter

Allgemeine, Oman Daily және басқа да әлемдік баспа брендтерімен қатар, енді ұшақ бортындағы жолаушылар мегаполистің ең танымал қалалық басылымдарын оқи алады.

«Almaty Aqparat» ЖШС коммерциялық директоры Қуаныш Дюскалиевтің айтуынша, бұл екі газет үшін де үлкен жетістік.

– Бұл мәселе «Air Astana» әуе компаниясының корпоративтік коммуникациялар департаментімен талқыланды. Департамент біздің басылымдарымызды қарап, шешім қабылдауға жеткілікті уақыт алды. Барлық қазақстандық БАҚ-тан бұл жүйеге біз ғана, ал ресейлік БАҚ-тан «Известия» кірді. Бұл – біздің газеттердің заманауи, онда өзекті контент бар екендігінің көрсеткіші. Біріншіден, біз ресми БАҚ-пыз, екіншіден, біз оқырманға пайдалы және қызықты болатын шынайы ақпаратты ғана ұсынамыз. Газетті дамытуда бұл үлкен кадам, – деп атап өтті ол.

МӘЛІМЕТ

ТӘУЛІК БОЙЫ
БАҚЫЛАУДА

21 мамырда кешкі сағат 20.00-ден бастап жауған жаңбыр 23 мамыр күнгі таңертеңге дейін жалғасты. Қалаға 26,4 мм нөсер жауды.

Алматы қаласының Тұрғын үй саясаты басқармасы мәліметінше, күндізгі уақытта арық желісі арқылы судың кедергісіз өтуін ұйымдастыру үшін 274 арнайы техника, 24 мотопомпа мен 674 жол жұмысшысы жұмылдырылған. Ал кешкі сағат 21.00-дегі жағдай бойынша 5 су тасқыны тіркеліп, оларды коммуналдық

қызметтер дер кезінде жойды. Түнгі уақытта 54 техника, 27 мотопомпа, 115 жол жұмысшысы шықты. Су тасқынының алдын алу үшін 2400 құм салынған қап дайындалды. Аудан әкімдіктерінде жұмысты бақылау үшін тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



#РЕФЕРЕНДУМ2022

ӨЗІҢІЗДІ ТІЗІМНЕН ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ

Қалада 1 қалалық, 8 аудандық және 574 учаскелік референдум комиссиясы жұмыс істеуде

Референдум өтетін күн де таяп қалды. Саяси науқанға дайындық жұмыстары бүгінде қарқын алған. Республикалық референдумға Алматының дайындығы қандай, қалай ұйымдастырылуда? Өзге де осы тектес сауалдарға Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте толыққанды жауаптар алынды.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

«Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және 2022 жылғы 5 маусымға белгіленген республикалық референдумды әзірлеу

мен өткізу жөніндегі негізгі ішаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес қалада 1 қалалық, 8 аудандық және 574 учаскелік референдум комиссиясы жұмыс істеуде. Қала бойынша комиссия мүшелерінің жалпы саны 5000 адамды құрайды (оның ішінде аумақтық – 62, учаскелік – 4938). 20 мамырдан бастап учаскелік

референдум комиссиялары халықпен жұмыс істей бастады, – деді Алматы қалалық референдум комиссиясының төрайымы Жанна Асанова.

Референдумдағы өз учаскенің нөмірін білу үшін бірыңғай Call орталығына +7 (727) 338-45-45 телефоны бойынша хабарласып, сол жерден өз сайты-

ңыздың нөмірі мен мекенжайды білуге болады.

Call-орталық қоңырауларды күн сайын үзіліссіз және демалыс күндері, дауыс беретін күннің соңына дейін сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін қабылдайды.

Дауыс беруге арналған учаске туралы ақпарат алу жөніндегі функционал open-almaty.kz сай-

тында және @Referendum-Almaty2022Bot Telegram-боты арқылы қолжетімді. Өзіңізді тізімдерден табу және мәлімет алу үшін ЖСН нөмірін енгізу қажет.

Бүгінде тізімдер жасалды. Ағымдағы жылдың 20 мамырындағы жағдай бойынша олардың Алматы қаласындағы саны 1 млн 100 мыңнан астам адамды құрайды.

АРДАГЕРЛЕР

Ел дамуының жаңа кезеңі

Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайының қызметкерлері арасында Алматы қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижановтың бастауымен жиын өткізілді.



Ақтолық
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

Кездесу барысында Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға байланысты мәселелер талқыланды. Парламенттің рөлін арттыру, Үкіметтің Парламентке есеп беруі, халықтың сайлау құқын жетілдіру, партиялық тізіммен қатар мажоритарлық жүйенің енгізілуі, Президенттің саяси партиялардың бәріне ортақ болуы үшін бір партияның мүшесі болудан бас тартуы сияқты өзгерістер туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

«Референдум әрбір азаматқа ел тағдырын шешуге тікелей қатысуға мүмкіндік беріп, жан-жақты демократияландыру мен жаңа Қазақстанды құру бағытын нығайтады.

Осыған дейін Қазақстан тарихында референдумдар екі рет өтті. Біріншісі 1995 жылғы 29 сәуірде өтіп, Ел Президентінің өкілеттік мерзімін ұзарту мәселесіне қатысты болса, екіншісі 1995 жылғы 30 тамызда өткен референдумның мәні Қазақ-

станның жаңа Конституциясының жобасы болды. Алайда, ол референдумдардың көтерген мәселесі өзекті, аса бір ауыз толтырып айтарлық өзгерістері болмады, алайда қазір бәріміз бірауыздан өзіміздің азаматтық позициямызды көрсетіп, дауыс беруіміз қажет», – дейді Алматы қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов.

Басқосуда музей қызметкерлері өздерінің талап-тілектерін ортаға салып, жалпыхалықтық референдумда дауыс беруге шақырды.

«Алдағы конституциялық реформа ел дамуының жаңа кезеңі басталғанын көрсетеді. Иә, Президентіміздің бастамасымен «Жаңа Қазақстан» идеясы ұсынылды. Оның жай-жапсарын күні кешегі Жолдауда да, бейнеүндеуінде де айтып, түсіндіріп берді. Біздіңше, жаңашылдыққа бастайтын бірден-бір жол, ол – референдум. Осы өзгерістер күнімізді шуақты етіп, айымызды оңнан тудырады деген үміт-теміз», – деп атап өтті Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайының директоры Гүлтайым Жұмабекова.

ЖИЫН



Әр дауыстың маңызы бар

Конституцияға енгізілетін өзгерістерді түсіндіру – маңызды миссия. Өйткені, ол арқылы елдің болашағы таразыланады. Осы мақсатта ҚР ҚК Аэроұтқыр әскерлерінің және 61993 әскери бөлімінің қызметшілері арасында жиын ұйымдастырылды.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Кездесуде аға ұрпақ өкілдері алдағы ауқымды реформалар елдегі мемлекеттік биліктің бөліну қағидаларын, сайлау мен партиялық және сот-құқықтық жүйені түбегейлі өзгертетінін атап өтіп, референдум өткізу туралы бастаманы қолдайтындарын жеткізді.

«Халықтың үдесінен шығатын ел болу енді Қазақстан азаматтарының өз қолында. Өйткені, Президент ұсынған Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар биліктің емес, әр адамның қоғам ісіне белсене араласып, мемлекетті тиімді басқаруға өз үлесін қосуға ынталандырады», – дейді 61993 әскери бөлімінің штаб бастығы, подполковник Асылхан Мукушев.

Кездесуде Президент шешіміне түсініктеме беріп, елдің әрбір азаматы референдумға қатысып, таңдау жасау маңыздылығы айтылды. Конституцияға енгізілетін өзгерістер қоғамды одан әрі демократияландыруға, әлеуметтік-экономикалық даму

мәселелерінде мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыруға бағытталғаны қуантады.

«Әр дауыстың маңызы бар. Конституцияға референдум арқылы 1995 жылдан бері өзгеріс енгізілген жоқ. Сондықтан Мемлекет басшысы осындай ұсыныс жасады. Енді біздің еліміздің әрбір тұрғыны қатысып, өз ұстанымын білдіруі керек. Дауыс беру қорытындысы негізінде Парламенттің алдында конституциялық заңдарды қабылдау бойынша ауқымды жұмыс тұр», – деп атап өтті 61993 әскери бөлім командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары, подполковник Мадияр Джуртшиев.

Отырысқа қатысқан әскерилер Мемлекет басшысының референдумды өткізу идеясын қолдап, Конституцияға енгізілетін түзетулер жобасы саяси институттардың құрылымдық қайта құрылуларын қамтитынын айтып, мықты Парламент, мажоритарлық сайлау жүйелеріне енгізілетін өзгерістердің оң нәтиже беретініне сенетінін жеткізді.

ТАЛҚЫЛАУ

Прокурорлар да қолдады

Алматы қаласы прокуратурасының ғимаратында «Алматы қаласы прокуратурасының ардагерлері» ҚБ мүшелері Конституцияға енгізілетін түзетулер бойынша алдағы референдумның мәселелерін талқылау үшін кездесу өткізді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Шараны «Алматы қаласы прокуратурасының ардагерлері» ҚБ төрағасы Абай Қалиев бастап, ардагер прокурорларға сөз берді.

«Конституцияның ең маңызды жаңалығы референдумда қабылданбақ. Себебі, соңғы Конституция 1995 жылы 30 тамызда қабылданды да, одан кейін референдум болған жоқ. 4 рет өзгерістер енгізілді. Қазіргі Конституцияның референдумда қаралуы халықтың өзі түсініп, заң қабылдау мақсатында болып отыр. Бірінші бағыты – суперпрезиденттік басқару нысанынан классикалық президенттік республикаға

көшу. Өте дұрыс шешім. Конституцияда суперпрезиденттік деп жазылмаса да, жағдай белгілі.

Келесі мәселе – бұрын Мәжілісте заңды қарап, мақұлдайтын еді. Сенатқа жібереді. Сенат қабылдап, бекітіп, Президентке қол қойғызуға жібереді. Мәжіліс тек орындаушы орган ғана болып қалғанын байқамағаныз. Ал қазіргі жағдайда Мәжіліс қарап талдайды, заңды бекітеді немесе бекітпейді. Содан кейін Сенатқа жібереді. Сенат мақұлдайды немесе мақұлдамайды. Бірақ ол заңның күшін тоқтатпайды. Тендік орнайды», – деді «Алматы қаласы прокуратурасының ардагерлері» ҚБ мүшесі Болатбай Мамытов.



#ЖОЛДАУ2022

Стратегиялық 10 бастама:

Құқық қорғау институттарын күшейту

• Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар. Ата Заңымыз – еліміздің бүкіл құқықтық жүйесінің тірегі. Алайда, белгілі бір заң актісі немесе шешім оған сай келе ме деген сұраққа нақты жауап беру қиындық тудыратын кездер болады. Қазақстандағы түрлі құқық нормаларын Конституциялық кеңес түсіндіреді. Бірақ азаматтар осындай түсініктеме алу үшін бұл органға тікелей жүгіне алмайды. Көптеген мемлекетте Конституциялық сот институты бар. Оған кез келген адам өзінің сауалын жолдай алады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мұндай орган Қазақстанда болған. Сарапшылар Ата Заң ережелерінің мүлтіксіз сақталуын осы мекеме тиімді қамтамасыз етеді деп санайды. Соны ескере отырып, мен елімізде Конституциялық сот құруды ұсынамын.

• Бас прокурор мен Адам құқығы жөніндегі уәкілге де Конституциялық сотқа жүгіну мүмкіндігін берген жөн. Бұл бастамалар әділ әрі құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды қадам болады деп сенемін. Сондай-ақ, институционалдық тұрғыдан тепе-теңдікті сақтауға ықпал етеді. Оған қоса, азаматтарымыздың конституциялық құқығының қорғалуын жақсартуға түседі.

• Еліміз 2020 жылы өлім жазасына тыйым салуды көздейтін Азаматтық және саяси құқықтар туралы екінші факультативтік хаттамаға қосылды. Ал бытыр мен бұл саланы ұзақ мерзімде және кешенді түрде дамытуға бағытталған Адам құқықтары саласындағы одан арғы шаралар туралы Жарлыққа қол қойдым. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің қатысуымен бұдан басқа да бірқатар заманауи бастамалар жүзеге асырылды. Дегенмен, құқық қорғау мәселелері үнемі жетілдіріліп отыруды қажет етеді. Сондықтан өлім жазасына тыйым салу туралы шешімді біржола бекіту үшін Конституцияға тиісті өзгеріс енгізу қажет деп санаймын.

• Азаптауға байланысты қылмыстарды тергеу ісінде жүйелі ұстаным болуы маңызды. Қазіргі таңда осы мәселеге жауапты нақты бір орган жоқ. Мұндай жағдай белгілі бір тәуекелдер туындатуы мүмкін. Сондықтан бұл құзыретті Бас прокуратураға беруді ұсынамын. Осындай ұстаным тергеудің объективті және бейтарап жүргізілуін қамтамасыз етіп, құқық қорғау саласындағы бассыздықты жазасыз қалдырмау қағидатын бекіте түседі.

• Қоғамдағы зорлық-зомбылық деңгейін төмендету үшін жүйелі шаралар қабылдау керек. Бұл ретте отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтармен тиімді күресу маңызды рөл атқарады. Бүгінде азаматтар мен қоғам белсенділері әйелдерге және балаларға зорлық-зомбылық көрсеткендердің жазасын қатайту қажеттігін жиі айтып жүр. Мен бұған дейін мұндай құқық бұзушылықтарды қылмыс санатына жатқызудың орынды, я орынсыздығын анықтау туралы нұсқау бергенмін. Бас прокуратураға бұл мәселені жан-жақты зерделең, біржола шешуді тапсырамын.

• Мен Прокуратура және Адам құқығы жөніндегі уәкіл туралы конституциялық заңдар қабылдау қажет деп санаймын. Бұл құжаттар заң тәртібін күшейту және құқық қорғау қызметін ұдайы жетілдіру үшін қажет.

• Барлық деңгейдегі соттар, шын мәнінде, тәуелсіз, ашық және кәсіби болмаса, заң үстемдігін қамтамасыз ету мүмкін емес. Мемлекет осыған орай ауқымды жұмыс жүргізуде.

• Кадр іріктеудің жаңа жүйесі енгізіліп, сот үдерісі мен рәсімдерінің ашықтығы біртіндеп арта түсуде. Бұл ретте Жоғары сот кеңесі маңызды рөл атқарады. Осы құрылым Президенттің соттарды жасақтау жөніндегі конституциялық өкілеттігін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, судьялардың тәуелсіздігіне және оларға ешкімнің қол сұқпауына кепілдік береді.

• Кеңестің қызметі қоғам үшін толық ашық болуы өте маңызды. Бұған Жоғары сот кеңесінің конкурстық рәсімдерінен онлайн трансляция жасау арқылы қол жеткізуге болады. Сонымен қатар мұндай конкурстардың қорытындыларын нақты дәлелмен түсіндіріп, жариялап отырған жөн.

• Алқабилер сот төрелігін жүзеге асыруға қоғам өкілдерінің кеңінен қатысуына жол ашады. Қазақстанда алқабилер тек аса ауыр қылмыстар бойынша үкім шығара алады. Біз бұл саланы одан әрі дамытып, алқабилердің қарауына берілетін істердің санын кеңейтеміз. Бұл жаңашылдық сот жүйесін демократияландыруға және оған қоғамның сенімін арттыруға мүмкіндік береді.

5 МАУСЫМ – ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

Әлеуметтік онлайн-сауалнама

Қазақстандықтардың 72%-дан астамы референдум өткізу идеясын қолдайды

Соңғы күндері сарапшылар өткізген әлеуметтік сауалнамалар конституциялық түзетулер бойынша референдум идеясын қазақстандықтардың қолдауы артқанын көрсетеді, деп хабарлайды almaty-akshamy.kz

5 маусымда Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар қабылдау мәселесі бойынша республикалық референдум өтеді. Қолданыстағы Негізгі Заңға енгізілетін өзгерістер қолданыстағы 31 бапқа түзетулерді және Конституцияны екі жаңа баппен толықтыруды қамтиды және қолданыстағы саяси модельді түбегейлі өзгертуге бағытталған. Үгіт-насихат кезеңінің басталуымен бірге, қазақстандықтардың алдағы республикалық референдумға деген көзқарасы, қоғамдық пікір үнемі сараланып отырады. ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі өткізген соңғы әлеуметтік онлайн-сауалнама нәтижелері Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ел Конституциясына түзетулер енгізу бойынша референдум өткізу туралы идеясын қолдау деңгейінің артқанын көрсетті.

Сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың 78,52%-ы референдум биылғы жылдың 5 маусымында өтетінін біледі, ал қазақстандықтардың 72,01%-ы референдум өткізу идеясын қолдайды. Бұл ретте қазақстандықтардың шамамен 68,92%-ы дауыс беруге баруды жоспарлап отыр. Өз тандауын әлі айқындамағандар – 21,79%. Референдум туралы хабардар болу көрсеткіштері 7%-ға, келу ниетінің көрсеткіштері 2%-дан астам өскен. Әлеуметтік зерттеуді 17–19 мамырда ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі онлайн-сауалнама әдісімен жүргізді. Іріктемеге 18 жасқа толған және одан асқан 4000 респондент алынды. Сауалнама орындары ретінде Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары және елдің 14 өңірі таңдалды.

Еске салсақ, бұған дейін референдум өткізу туралы идеяны қолдаудың жоғары деңгейі ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі (3–5 мамыр) мен ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (5–10 мамыр) жүргізген сауалнама нәтижелерімен расталған болатын, онда сәйкесінше қазақстандықтардың 62%-дан 73%-ға дейін және 76,40%-ы түзетулерді қолдаған. Сондай-ақ, «Қоғамдық пікір институты» (3–5 мамыр) жүргізген сауалнама нәтижелері референдумды қазақстандықтардың 73,33%-ы қолдайтынын көрсеткен.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



САРАПШЫ ПІКІРІ



Бақытжамал ОСПАНОВА,
ҚР Ұлттық кітапханасының директоры,
Қазақстандық кітапханалық одақ төрағасы:

ЖАҢАРУҒА ҚАБІЛЕТТІ ҰЛТ –
ЖАҢАНҒА ҚАДІРЛІ

Қазір егемен еліміздің жаңа дәуірге қадам басқанын көріп те, біліп те отырмыз. Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес, алдағы 5-ші маусымда өтетін Республикалық референдум соның жарқын айғағы. Ата Заңымыз – Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бүкілхалықтық талқылау нәтижесінде қабылданатын болады. Міне, осы тақырып арқау болған Ұлттық кітапханадағы «дөңгелек үстел» басында республикалық және аймақтық кітапханалар жетекшілерінің қатысуымен конституциялық өзгерістер туралы жан-жақты әңгіме өрбіді.

Елімізде қайта жаңғырған сенім мен түсіністік 2019 жылдың қоңырауы күзінде басталды десем, артық айтқандық емес. Бұл серпіліске республика Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа Жолдауында жасаған бастамаларының, әсіресе, «естітін мемлекет» құру жөніндегі ұстанымының негіз болғаны да шындық. Содан бері мемлекет басшысының сөйлеген сөздерінде талай жыл ел-жұрттың қабырғасына батқан өткір мәселелер ашық қозғалып, оған жауаптыларға қатаң талап қойылуының куәгері болып келеміз. Мәселен, бизнес өкілдерімен кездесуінде Мемлекет басшысы кәсіпкерлердің жекелеген адамдар және құрылымдармен сыбайластыққа баруға еріксіз мәжбүр болатынын атап көрсетті.

Сондықтан қазір, сайып келгенде, бұрынғы «қоғамдық келісім» талаптары елеулі түрде өзгертіліп, мемлекет пен азаматтық қоғамды өзара серіктес студия саяси, әлеуметтік-экономикалық тетіктері бірте-бірте іске қосылуда. Бұл әбден қордаланып қалған проблемаларды шапшаң қолға алып, адамдар үшін пайдалы шешімдер қабылдау мүмкіндігін әлдеқайда жақсарту түсті. Әсіресе, қоғамның әлжуаз топтарына көмек көрсетуге жете көңіл бөліне бастағаны жұртшылықтың ризашылық сезімін туғызуда. Мәселен, еліміздегі ең төменгі жалақының мөлшері аз ғана уақытта, ең алдымен 42.500 теңгеге көтеріліп, биылғы 1 қантардан бастап тағы да 41 пайызға өсті және 60 мың теңгені құрап отыр.

Бірақ халықты әлеуметтік қолдау бағытында атқарылатын шаруа әлі де баршылық. Көпбалалы отбасылар, жалғызбасты аналар, мүмкіндігі шектеулі азаматтар көмекке аса зору. Халықтың мұқтаж топтарының өзекті мәселелері жайында қазір жергілікті жерлерде ғана емес, республикалық мәртебелі басқосуларда да айтылып, нақты шешімдер алынатынын көріп жүрміз. Әлбетте, ол қамқорлықтың мемлекетіміздің экономикалық мүмкіндігіне қарай жүзеге асырылатыны да түсінікті. Мәселен, дана халқымыздың «бірінші байлық – денсаулық» деген тағылымына орай ұлттық денсаулық сақтау саласын одан әрі дамытуға баса назар аударылуда. Пандемия зардабынан сабақ ала отырып қабылданған шаралар барлық медицина мекемелерін қажетті құрал-жабдықтармен толықтай жарақтандыруға, науқастарға арналған орындар қорын 50 пайызға жаңартуға, ескірген инфрақұрылымды ауыстыруға, өмір ұзақтығын болжамды 75 жасқа дейін жеткізуге мүмкіндік береді екен.

Жалпы, соңғы үш жылдың бердерінде елімізде жүзеге асырылып жатқан кең ауқымды жұмыстар Мемлекет басшысының, жаңа айтқанымыздай, алғашқы күннен ұстанған «халық үніне құлақ асатын мемлекет» бағытының және қоғамдық өмірдің барлық саласында әділеттілікті барынша орнықтыру жөніндегі талабының қисынды жалғасы болып табылады. Мәселен, Президентіміздің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауы соның тағы бір дәлелі. Жолдау әдеттегідей Ұлттық кітапхана ұжымында да талқыланып, ондағы көтерілген өзекті мәселелер әдеби кештер мен басқа да мәдени шаралардағы әңгімелердің арқауына айналып келеді.

Әділеттілікке көздері жеткен азаматтар ғана мемлекет ісіне белсене араласып, еңбектің нәтижелі болуына мүдделілік танытады. Ел арасында көптен бері айтылып, шешілуі созылып келген бір ғана мәселеге байланысты аталған Жолдауда айтылған «Ұлттық табыстың өсімінен түсетін игіліктерді әділ бөлу, тиімді әлеуметтік «лифтілерді» орнықтыру жөніндегі қоғамның өткір талабы міндетті түрде орындалуы тиіс» деген сөздердің билік ба-

сындағылар үшін нақты тапсырма екені түсінікті. Бұған қоса, әділ бәсекелестік, кәсіпкерлердің жаңа буыны үшін нарық ашу, адами капиталды дамыту жолындағы және басқа да сан-салалы жұмыс өз жемісін бере бастады.

Республикада азаматтардың әлеуметтік әл-ауақатын одан әрі арттыруға басымдық беріліп отыр. Ал адамдардың тұрмыс дәрежесі мен күнкөріс жағдайының, ең алдымен, баспана мәселесіне тікелей қатысты екені баршаға мәлім. Мәселен, қазір Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ел тұрғындарының зейнет-ақы жинағының бір бөлігін осы мақсатқа пайдалануға мүмкіндік туғызылды. Тегінде, кез келген қоғамда әлеуметтік салаға қаржылық жағынан қолдау көрсетіп, оны сапалық жаңа деңгейге көтеру мемлекет пен қоғамға ортақ міндет болып табылады. Бұл жерде адамдардың жаңаруға қабілеттілігі мен белсенділігінің және мемлекеттің экономикалық, ғылыми-техникалық әлеуетінің маңызы зор.

Биылғы 16 наурыздағы Жолдауында Мемлекет басшысы «Қуатты өңірлер – қуатты ел» деген ұстанымның әрдайым өзектілігін, яғни еліміздегі әкімшілік-аумақтық құрылымның оңтайлы болуы өте маңызды екенін атап көрсетті. Қазір Семей аймағында Абай облысын, Жезқазған облысының аумағында Ұлытау облысын, ал Алматы облысын екіге бөліп, бұл өңірде Жетісу және Алматы облыстарын құру жөніндегі жұмыстар басталып та кетті. Республика аймақтарын дамыту ісіне тын серпін беретін бұл қадамды халқымыз көптен күткен еді.

Ел қалауымен қабылданатын конституциялық өзгерістер біздің мемлекетіміздің халық тілегіне сергек қарайтын мемлекетке айналып келе жатқанын көрсетеді. Тәуелсіздік жылнамасының төртінші онжылдығына жол ашқан бұл кезеңнің оңай болмайтыны қазірдің өзінде байқалуда. Сондықтан жаңаруға қабілетті ұлттың ғана жаһанға қадірлі екенін ерқашан есте ұстауымыз қажет. Демек, 5 маусымдағы республикалық референдумға бір кісідей қатысып, ел мұратын көздеген шешімге қолдау білдіру – біздің ерқайсымыз үшін азаматтық парызымыз деп түсінемін. Қазақстан кітапханашылары өз міндеттеріне осындай жауапкершілік тұрғысынан қарайды.



КҮШТІ ПРЕЗИДЕНТ – ЫҚПАЛДЫ ПАРЛАМЕНТ – ЕСЕП БЕРЕТІН ҮКІМЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«Жаңа Қазақстанды құру ісі адал әрі еркін саяси бәсеке болуын қамтамасыз етуден басталады».

(Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауынан, 16.03.2022).



ПІКІР. ТІЛЕК. ҰСЫНЫС



А.К. ХИКМЕТОВ,
«ХАТУ» АҚ Басқарма төрағасы, ректор:

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНҒА БАРАР ҚАДАМ

Плебисцит – демократияның ең айқын да шынайы көрінісі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында саяси жаңғыртудың ауқымды бағдарламасын ұсынғаннан кейін 2022 жылғы 5 маусымда Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды.

Президентіміз тұжырымдағандай, Жаңа Қазақстанның іргетасы саяси және экономикалық реформалардың үйлесімді байланысы негізінде қалануға тиіс. Ал плебисцитті референдум түрінде өткізу қазіргі Қазақстанның саяси өміріндегі ең маңызды оқиға болып табылады. Еліміз саяси ландшафт өзгертін тарихи кезеңде тұр. Қазақстанда соңғы рет референдум осыдан 27 жыл бұрын Қазақстанның қазіргі Конституциясы қабылданған кезде өткені белгілі. «...Мұндай ауқымды өзгерістер халықтың қалауы негізінде жүзеге асуы тиіс», – деді Мемлекет басшысы.

Бұл өзгерістер мен түзетулер жобасы халқымыздың сұранысына негізделген әрі бүкіл қоғамның мүддесі үшін жасалмақ. Конституциямызға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар ең алдымен құқық үстемдігін, заңдық негізде әділетті қоғам құруды көздейді. Демократиялық үрдістерге қарай және биліктің әділ бөлінуін қамтамасыз етуге маңызды қадам жасауға мүмкіндік бермек. Тежемілік әрі тепе-теңдік тетігі күшейеді. Сарапшылар айтып жүргендей, Конституция қоғамдық қатынастарға нақты әсер ететін құжат ролін атқаруы тиіс. Жаңа Қазақстанда жалпы әлеумет өмірі мен мемлекеттік қызмет тең мүмкіндіктер аясында айқындалуы қажеттігі – басты талап дер едім.

Президент бүкіл прогрессивті әлемде плебисцит тікелей демократияның ең айқын да шынайы нысандарының бірі болып табылатынын атап өтті.

5 маусымда өтетін референдумда Қазақстан Конституциясына 56 өзгерту мен толықтыру енгізу ұсынылады, барлығы 33 бапқа әсер етеді, бұл – 98 баптан тұратын Конституцияның жалпы санының үштен бірі. Кешенді трансформация мемлекеттік құрылымның іргелі ережелерінің көпшілігін, елдің әкімшілік-аумақтық құрылымын өзгертуден бастап, биліктің барлық үш тармағын қайта құруға дейін қамтиды, әсіресе, үлкен өзгерістер өкілдік билік пен атқарушы билікке әсер етеді. Қазақстан суперпрезиденттік республикадан күшті парламенті мен есеп беретін үкіметі бар президенттік республикаға айналатын кезеңге – Екінші Республикаға қадам басып келеді. Бүгінде жергілікті өзін-өзі басқару саласында өзгерістер болып жатыр. Жаңа түзетулерге сәйкес, Қазақстанда мәслихаттардың маңызы артып, жергілікті атқарушы билік органдарын одан әрі реформалауға негіз дайындалуда. Біз ауылдар мен ауылдық округтерден бастап, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдер сайлауына дейінгі барлық деңгейдегі әкімдерді сайлауға кезек-кезеңімен көшетін боламыз.

Сайлау жүйесіне де өзгерістер енгізіледі, Мәжіліс пен облыстық мәслихаттар депутаттарын сайлауға сайлаушылардың көзқарастары мен пікірлерінің барлық спектрін толық қамтитын аралас мажоритарлық-пропорционалдық моделін енгізу ұсынылуда. Сондай-ақ, облыс тұрғындарына жергілікті билік органдарына тиімдірек ықпал етуге мүмкіндік беретін аудан-

дық және қалалық мәслихаттарға сайлаудың толық мажоритарлық жүйесін енгізу ұсынылады.

Сонымен қатар, Президенттің барлық саяси партиялар мен қозғалыстардан тең дәрежелі мәртебесін бекіту ұсынылады, жақын туысқандардың маңызды мемлекеттік секторда басшылық қызметтерді атқаруына тыйым салынады. Құқық қорғау саласында Конституциялық Сот құру және Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мәртебесін конституциялық деңгейде бекіту сияқты түзетулер күтілуде.

Жалпы, референдум қорытындысы Қазақстан халқының өміріне оң өзгерістер әкеледі деп күтілуде. Біздің міндет – алда болатын іс-шараға барлық азаматтардың белсенді қатысуы және билікпен сындарлы диалог арқылы өзекті мәселелерді шешетін әділетті, нақты азаматтық қоғамды қалыптастыру. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, бұл Конституциялық реформаның түпкі мақсаты – саяси үдерістерді демократияландыру негізінде халықтың мемлекетті басқару ісіне қатысу мүмкіндігіне жол ашу, Қазақстанда шынайы демократиялық саяси мәдениет пен бәсекеге қабілетті ұлт құру.

Демек, 5 маусым – әрбір азаматтың қоғам алдындағы жеке жауапкершілігі айқындалар әрі сыналар сәт. Жаңа Қазақстанға қадам басқымыз келсе бәріміз референдумға жұмыла қатысқанымыз жөн. Адам құқықтарына кепілдік берілсін десек, билік пен халық арасындағы қарым-қатынаста оң өзгерістердің болғанын қаласақ, елінің жарқын болашағын ойлайтын әрбір азамат өз учаскесіне барып, Конституцияға түзетулер енгізу үшін дауыс бергені абзал.

5 МАУСЫМ / 2022

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

АЛМАТЫДА ДАУЫС БЕРУ ҮШІН
ӨЗ УЧАСКЕҢІЗДІ ҚАЛАЙ БІЛУГЕ БОЛАДЫ?

САЙТ: WWW.OPEN-ALMATY.KZ

TELEGRAM-БОТ: @REFERENDUMALMATY2022BOT

РЕФЕРЕНДУМ СУРАҚТАРЫ БОЙЫНША КЕҢЕС БЕРУ

CALL ОРТАЛЫҚҚА: +7 (727) 338 45 45

(САҒАТ 8.00-20.00)

ӨЗІҢІЗДІ ТІЗІМДЕРДЕН ТАБУ ЖӘНЕ МӘЛІМЕТТЕРДІ АЛУ ҮШІН
ЖСН НӨМІРІН ЕНГІЗУ ҚАЖЕТ

5 МАУСЫМ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ АЙҚЫН КӨРІНІСТЕРІ

50-бап, 3-т.



3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын 107 депутаттан тұрады.



Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен аралас сайлау жүйесі бойынша: біртұтас жалпыұлттық сайлау

округінің аумағы бойынша бара-бар өкілдік жүйесі бойынша, сондай-ақ БІР МАНДАТТЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГТЕРІ БОЙЫНША САЙЛАНАТЫН 98 ДЕПУТАТТАН ТҰРАДЫ.

VI бөлім



Конституциялық кеңес



Конституциялық
СОТ



САЛТ-ДӘСТҮР

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ

Қазақ дәстүр-салт, жөн-жоралғыға бай. Соның ішінде ең қастерлі дүниесі бар. Ол – ұлттық ойындар. Нидерландық мәдениеттанушы Иохан Хейзинг «Ойнаушы адам» кітабында «Ойын – қоғамның кез келген саласында өзіндік рөл атқарады» дейді. Шын мәнінде де «ойнасаң да – ойлап ойна» немесе «ойнадың, бірақ ойындағыны айттың» деп жатады. Осыдан-ақ қаншалықты маңызды қызметке ие екендігін бірден байқауға болады.



● ДӘЛІРЕК:

- **ОЙЫН – ӨМІР;**
- **ОЙЫН – ТАҒДЫР;**
- **ОЙЫН – КҮЛКІ;**
- **ОЙЫН – АРМАН.**

Фольклортанушы ғалым Кенжехан Ісләмжанұлы «Ойын мен рәсім (ри-туал) – адамзат қоғамының аса маңызды әлеуметтік қарым-қатынас құралы» дейді. Расында, көшпелі халықтар әрбір күні әрбір күнін көңілді өткізуге тырысқан. Ананың жүрегінің астына бала құрсаққа біткеннен бастап, туу, бала-

лық, жігіттік, орта жас, қарттық кезең бәрі ойынмен өрілген. Бұл арада наурыздың семантикалық қасиетін айтпай кетуге болмайды. Ұлыстың ұлы күні ойын-сауықсыз өтпеген. Қыстан жүдеп шыққан халықтың көңіл күйін көтеруге, жадыратуға, жаңа жылға жаңа арман, мақсаттармен баруға негізделген.



Теңге ілу

Теңге ілу – бозбалалар мен жігіттердің атпен ойнайтын ойыны. Көбіне қыз ұзатылатын және сүндет тойларының думанында ойналады. Жігіттің атқа мықтылығы, ат үстіндегі самдағай әрекеті, денесін игеріп, билеп алған ептілігі сынға салынады. Теңгені іліп ала алмай, аттан ауып қалып жататындар да көп болады. Кейде бір ауылға келін ұзағырақ жылдардан кейін түсіп, беті ашылғаннан кейінгі сайранда ырым үшін де ойналады. Сонда жас келін өзінің шолпысын не алқа күмістерін орамалға түйіп, бір қарыстай терең қазылған, қолдың басы ғана сыятын шұңқырға салып қояды. Сәйгүлік мінген жігіттер жүз, жүз елу метрдей жерден екпіндете шауып келіп, сол ағынымен шұңқырдағы орамалды іліп әкетуге тиіс. Шұңқыр тұсында іркіліп, тоқтауға не аттың шабысын бәсеңдетуге болмайды. Кімде-кім орамалды іліп әкетсе, оны өзіне тартылған жас келіннің тарту сыйы деп біледі. Оны өзі алып қалмайды, қалаған адамына сыйлайды.

Асық ойыны

Асық ойыны – қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойыны. Ұсақ малдың (қой, ешкі) асықты жілігінен алынған жұмыр сүйек. Иіргенде түскен қалпына қарай асық – алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арналған арнайы қорғасын құйылып жасалғаны – сақа, оң қолмен атуға ыңғайлысы – оңқы асық деп аталады. Асық ойынының мынадай түрлері бар: құмар, тәйке, омпы, алшы, хан (хан ату), қақпақыл, т.б.



Алтыбақан

Алтыбақан – қазақтың ежелгі ұлттық ойыны. Тымық кеште, айлы түнде, ауыл сыртында ойналады. Алтыбақан құру үшін 6 бақан немесе 6 сырық, үш арқан керек. Бақандарды үш-үштен бір басын буып, аралығын үш-төрт метр етіп, мосы тәріздендіріп орнатады да, жоғары жағы сырықпен жалғастырылады. Бақандардың жоғарғы ашаларына екеуі жоғарырақ, бірі төмен етіліп үш арқан тартылады. Жоғарғы екеуі отыруға немесе бел сүйеуге арналады, төменгі арқанға табан тіреледі. Қыз

бен жігіт қарама-қарсы орналасып, бел арқанның екі жақтауынан бекем ұстап, үшінші адамның демеуімен тербетіледі. Тербелушілер қосылып ән бастайды да, оған тамашалаушылар қосылып, думандатып әкетеді. Бел, табан арқандарының орнына соңғы кезде жеңіл тақтайлар қолданылып жүр. Алтыбақан ойыны ежелгі көшпелі елдер арасында кең таралған. Отырықшы халықтарда ол – әткеншек деп те аталады. Алтыбақаннан айырмасы ол тұрақты орнатылады және жалғыз

адамға арналады. Алтыбақанның қажетті заттары – тез құрастырылып, жиналатын үй мүліктері. Ойын көпшілікке арналған. Жастарды әріптес таңдауға, ептілікке, тапқырлыққа, өнерлілікке бейімдейді. Алтыбақан көріністері театр өнерінде халықтың ұлттық тұрмыс ерекшеліктерін көрсету, сахнаны әсерлендіру тұрғысында да лайықты орын алды. Қазақ телевизиясы 1970 жылдары көгілдір экраннан жүйелі түрде «Алтыбақан» сауық-кешін ұйымдастырып тұрды.



P.S.

Жалпы, әр ойынның өз миссиясы болған. Асық ойындары баланы батылдыққа баулиды. Теңге ілу ширақ болып, әскери өнерге тәрбиелейді. Алтыбақан отау құру, жастардың шаңырақ көтеруіне жәрдемдеседі. Осылайша ойындардың күнделікті тіршіліктегі мән-мағынасы бейнеленген.

Бетті әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



BATYR.GÜL ALMATY

БАТЫРХАН ШҮКЕНОВ

репертуарындағы әндер жаңаша шырқалды

Алматыда ҚР еңбек сіңірген қайраткері, әнші, музыкант және композитор Батырхан Шүкеновті еске алуға арналған BATYR.GÜL ALMATY атты концерт өтті.

Ақтолық
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

Әнші, композитор Батырхан Шүкеновтің 60 жылдық мерейтойына орайластырылған концертті бастапқыда Абай алаңында өткізу жоспарланған. Бірақ жауынды-шашынды ауа райы болу ықтималдығына байланысты іс-шараны Республика сарайында өткізу шешімі қабылданды. Республика сарайының алдында концертті онлайн-трансляциялау үшін LED-экрандар және дыбыстық аппарат орнатылды.

«Осындай форматтың арқасында концертті көретін көрермендер аудиториясы кеңінен қамтылды деген сенімдемін. Заманауи технологиялар көрерменге концертті алаңда тұрып тамашалағандай әсер етті деп ойлаймын. Ән сүйер қауымның көптеп жиналуы баршамызды қуантты. Осы орайда қала тұрғындары мен қонақтарына ерекше алғысымды білдіремін», – деді Наргиз Шүкенова.

Еске алу концерті әнші туралы естелікті сақтауға және шығармашылығын кеңінен насихаттауға бағытталды. Мәдени шараны ұйымдастырушылар – Батырхан Шүкенов атындағы қоғамдық қор. Кешке әншінің өнердегі әріптестері, шығармашылық зиялы қауым өкілдері мен тыңдармандар жиналды.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

«Батырдың репертуарындағы әндер жаңаша шырқалды. Аранжировкаларды жасауға әнші мұрасын қайта зерделейтін Шырын Базарқұлова, Илья Башкатов, Ғалымжан Берекешев, Данияр Бержапраков, Ренат Гайсин, Адильжан Толықбаев және Сатжан Шаменов сынды талантты композиторлар тартылды. Бұл үнемі тәжірибе жасап, вокалист, композитор және продюсер ретінде өзіне жаңа көкжиектер ашқан Батырға деген құрмет», – дейді концерттің көркемдік жетекшісі, ҚР халық әртісі Жәния Әубәкірова.

Концертте Батырхан Шүкеновтің көпшілікке жақсы танымал «Отан Ана» альбомынан сүйікті әндер орындалды. Сонымен қатар, әншінің «Арай» тобы құрамында орындаған әндері мен халық әндері шырқалды. Әншінің хит туындыларын танымал қазақстандық әртістер мен Рүстем

Нұржігіт, Марсель, Jeltoksan, dudeontheguitar, Шаба, Nasiafromasia, SoulNote, Makvin, Qazyna вокалды тобы орындады.

«Концертте Батырдың шығармашылығынан замандастары мен жас музыканттар әндерін орындады. Кеш өте көңілді өтті. Осы орайда концерттің жоғарғы деңгейде өтуіне себепкер болған Алматы қаласының әкімдігіне ерекше алғысымды білдіремін», – дейді «Батырхан Шүкенов атындағы қор» қоғамдық қоры Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Бауыржан Шүкенов.

BATYR.GULALMATY арнау концерті – бұл Батырхан Шүкенов атындағы қоғамдық қор қызметінің жалғасы, ол әнші туралы естелікті сақтауға және Қазақстанның жанды әрі күшті мәдени ортасын қалыптастыруға бағытталған.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



ЗАМАНСӨЗ

• Алдағы уақытта Ахмет Байтұрсынұовтың атын Алты алаштың – бар қазақтың баласы ғана емес, алдыңғы қатарлы адам баласы білетін болады.

Қайым МҰХАМЕДХАНОВ.

• Ахаңның «Әдебиет танытқышын» Аристотель «Поэтикасымен» салыстырар едік. Мұның мәнісі – екеуі де: бірі – грек әдебиетінің, екіншісі – қазақ әдебиетінің алғашқы әліпбилері. Асылы, үздік қасиеттер бір-бірінен неғұрлым ерекше болса, бір-біріне соғұрлым ұқсас болады.

Зейнолла ҚАБДОЛОВ.

• Екі жинақ – «Қырық мысал», «Маса» – қазақ әдебиетін жаңа тақырыптармен, идеялармен, ойлармен, өрнектерімен байытты; Абайдың ақындық дәстүрі ілгері жалғасты, заман талабына сай жәгерлі поэзия туды, бұдан кейін талантты ақындардың жаңа буыны тарам-тарам жұлделерді тереңдетіп, жалғастырып әкететін болады.

Рымғали НҰРҒАЛИЕВ.

ЖАҢА КІТАП

«БІЛТЕ ШАМНЫҢ ЖАРЫҒЫ»

Қазақстан жазушылары кітапханасында ақын-ғалым Бауыржан Жақыптың жаңа жыр жинағының тұсауы кесілді



Алматы сервис және технология колледжінің студенттері мен 175-мектептің оқушылары жаңа кітаптан өздеріне ұнаған өлеңдер оқыды. Кітап авторы ара-арасында өз өлеңдерін өзі де оқып отырды.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері, ақындар: Шаяхмет Алжанбай, Сәрсенбек Бекмұратұлы және суретші-карикатурашы Еркін Нұразхан, тағы басқа қаламгерлер кітаптың лентасын кесіп, жылы лебіздерін, пайымды пікірлерін ортаға салды.

Ұстаз-ақынның шәкірттері: айтскер ақындар Серік Қалиев, Бекжан Әшірбаев, Ержан Жұмабек сүйікті ағайы туралы естелік айтып, адамгершілік қасиеттері төңірегінде қызықты әңгіме өрбітті. Семей полигонының жан төзгісіз зардабы, жазықсыз жапа шеккен жүздеген тағдыр, күлге айналған, тіршілік қайта оралмайтын құйқалы қырат-белдер мен майсалы шалғын атыраптың бояуы баттасқан қайғылы суретін

Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымының докторы, көрнекті ақын Бауыржан Жақыптың жаңа жыр жинағы – «Білте шамның жарығы» кітабының тұсаукесер рәсімін Қазақстан Жазушылар одағының әдеби кеңесшісі, ақын Бағдат Мұхбарак ашып, жаңа кітап пен оның авторы туралы, шығармашылығы хақында қысқаша әңгімелеп берді.



Суреттерді түсірген Саят ҚҰСЫНОВ

басыннан өткермек түгілі, көз алдына елестетудің өзі қандай қасірет... Туған жері Абыралыда орын алған оқиға желісімен жазылған «Тамыздың жиырма тоғызы» атты толғауын ақын толқып тұрып оқып берді...

«Білте шамның жарығы» тағдыр тауқыметін тартқан жаралы Семей мен қаралы Семейдің сұрқия сұмдығының шынайы шындығы. «Білте шамның жарығы» – мазмұны терең, қуаты мол жыр жинағы. Тұсаукесер рәсімінде ой қозғаған қаламгер мен оқырман оқыған өлеңдерден біз осыны аңғардық.

P.S.

Жуырда өткен Қазақстан Жазушылар одағының «Қазақ әдебиетінің көктемі» атты әдеби жыл қорытындысында Бауыржан Жақыпқа «Білте шамның жарығы» жинағы үшін Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы берілді.

Сәрсен ҚИЯС.

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

ТАЛАП ЖОҚ, ҮМІТ МОЛ БІР ХАЛЫҚПЫЗ

«...Беті жаманның айнаға өкпелеуі жөн бе? Ниеті жаманның Аллаға өкпелеуі жөн бе? Талап жоқ, үміт мол бір халықпыз. Үмітіміздің көбі қошқар... қасқырдың үміті сықылды: өзім жатсам екен, керегім өзі кеп тиер болса екен дейміз. Оны Алла да, адам да қабыл көрер ме? Еңбексіз егін шықпайды, терлесең, терің тегін қалмайды. Телміріп алған теңгеден тер сіңірген тиын жезғымды. «Қараған қарап қалар» деген қазаққа жақсы мақал бар, бірақ ол мақалды ескеретұғын қазақ жоқ. Қарап жатқанда табылатын болса, ғылым, өнер баршасы қазаққа болар еді. Олардың бірі де көрінбейді.

Ата жолдасы – надандық, өнерсіздік қазір қазақтан айырылатын емес. Надандықтың кесапаты әр жерде-ақ маңдайымызға тисе де, ата жолдасымыз болған соң, біз де қиып айырылмай-ақ келеміз.

Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты. Сонда да соны ғылым, өнерден артық көреміз. «Аллаңнан ойбайым тыныш» дейтін қазақ ғылымынан надандығын тыныш көреді. Не шара бар?

Дүнияды ерге теңдік, кемге кеңдік, азды көпке теңгеретін ғылым мен өнерді, елсізді елдіге теңгеретін, жоқты барға теңгеретін ғылым менен өнерді керек қылатын қазақ аз. Теңдікке қолы қалай жетсін? Қатерлі жерде қатерсіз отырдық. Өзімізге өкпелемесек, өзгеге өкпелер бет жоқ».

(1911 жыл).

МЕКТЕП КЕРЕКТЕРІ

«Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы. Яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі, мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы, құралсыз іс істелмейді һәм құрал қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Істің толық жақсы болуына құралдың сайлы һәм жақсы болуы шарт. Үшінші, мектепке керегі – белгілеген программа».

(1914 жыл).



КӘСІПТІК БАҒДАР

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДА ҚАТЕЛЕСПЕГЕН ДҰРЫС

Бүгінде мамандықтың түрі өте көп. Тек адам өзінің жанына жақын, жүрегі қалағанын таңдағаны дұрыс. Шыны керек, кейде мектеп бітіруші түлектердің бірі қалаған мамандығын таңдаса, енді бірі тегін оқу үшін өз икеміне сәйкес келмейтін мамандықты таңдауға мәжбүр болып жатады.



Кейде тіпті, сонша уақытын сарп етіп оқыған мамандығы бойынша жұмыс істемей, мүлдем басқа салаға кететіндер де бар. Елімізде «Кәсіптік бағдар» атты мектеп бітірушілерге арналған бағдарлама бар. Сол арқылы кәсіптік бағдар беру жұмыстары қалай жүргізіліп жатыр? Болашақта қандай мамандықтар сұранысқа ие болады? «Жалпы, мамандық таңдауда нені ескеру керек?» деген сауалдарға жауап табуға да болады.

Мәселен, Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов әлеуметтік желідегі парақшасында PISA зерттеуіне сүйеніп, қазақстандық жасөспірімдер арасында қай мамандықтарға қызығушылық артқаны жайлы

жазып, зерттеудің барлық үш циклінде мамандық таңдаудың алдыңғы қатарында дәрігер мамандығы тұрғанына ризашылығын білдірген еді.

Сондай-ақ, педагог мамандығына да қызығушылық айтарлықтай артып отыр. Кәсіптік бағдар беру жұмысымен белгілі бір деңгейде университеттер де айналысуы керек. Кей мектептер кәсіби бағдар беру мақсатында әр саланың мамандарын шақырып, кездесулер өткізсе, мүлде жүргізбейтіндер де бар екен. Көбіне, оқушылар кәсіптік бағдарды интернет арқылы алады деп ойлаймын. Кәсіби бағдар беруге университеттер де мүдделі болу керек.

Дегенмен, көп оқу орындары

мемлекеттік грантқа иек артып, «Онсыз да студентке грант беріледі» деген түсінік қалыптасқан. Грант мамандыққа қарай бөлінбеді. Сондықтан ендігі жерде университеттер мамандықтардың насихатын жасаса, онда ол түлек те мамандық таңдауда адаспас еді.

«Кәсіби бағдар» бағдарламасы жүріп жатыр. Алайда, арнайы мамандықтарға байланысты сайттар ашу, хабарлар жүргізу, университет жанынан абитуриенттерге мамандықтарды таныстыру сияқты жұмыстар әлі де кең көлемде емес. Жоғары оқу орны мен мектеп жұмыстарын біріктіретін мүмкіндіктер қолға алынса, бұл бағыттағы жұмыстар жанданған болар еді.

ЖОБА

Қазіргі кезде балаларды ерте жастан мамандыққа бейімдеу айрықша маңызға ие болып отыр. Оның түрлі себептері де жоқ емес.

ЖҮРЕК ҚАЛАУЫМЕН ҒАНА ТАҢДАҢЫЗ!

Мәселен, жастар болашақ кәсібін ерте жастан меңгеріп, еңбекке араласып жатса, бұдан ата-ананың да, баланың да ұтары анық. Мәселен, оқуға қыры жоқ баланы он бір жыл бойы мектеп партасында, сосын «диплом алса болды» деп, тағы бес жыл ақылы оқуға түсіріп, уақытын «ұрлау» көп жағдайда нәтиже бермесі анық. Жылдар бойы қыруар қаржы төлеп, сол дипломымымен бір күн жұмыс істемегендер қаншама?!

Сондықтан өскелең ұрпақ болашақ кәсібін саналы түрде өзінің жүрек қалауымен таңдағаны дұрыс. Қазір елімізде «Тегін техникалық және кәсіби білім беру» жобасы жүзеге асып жатыр. Мәселен, қазіргі кезде NEET санатындағы 237 мың жас оқу да оқымайды, жұмыс та істемейді. Ал сол қолы бос жастың немен айналысып, не тындырып жатқанын тексеріп жатқан да ешкім жоқ. Сонымен қатар, жыл сайын мектеп бітірген түлектің 50 мыңы оқуға ақылы негізде түседі екен. Олардың 85 пайызы – тұрмысы төмен отбасының балалары.

Мемлекетіміз әлеуметтік аз қамтылған отбасыларды осындай қаржылық қиын жағдайдан шығуы үшін сұранысқа ие барлық техникалық және кәсіби білімді жүз пайыз тегін берілуіне қолдау көрсетіп жатыр. Сондай-ақ, мамандық алудың тағы бір мүмкіндігі армияда берілуге тиіс. Мерзімді әскери қызметтегі сарбаздар ең болмағанда жұмысшы мамандығын игеріп алса, ертеңгі күні жұмыссыз қалмасы анық.



МӘСЕЛЕ

Қазіргі кезде жоғары оқу орнын бітірген түлектердің 60%-ы өз мамандығы бойынша жұмысқа тұрмайды. Әлеуметтанушылардың айтуынша, оның бірнеше себебі бар.

ТҮЛЕКТЕРДІҢ 60%-Ы ӨЗ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙДІ



Шыны сол, көбіне жастар грант үшін өзі қаламаған мамандыққа білім алуға мәжбүр болады. Содан келіп, оқу бітірген соң ол бағытта жұмыс істемейді. Міндетті түрде кәсіби бағдарды саналы түрде, дұрыс жасау керек. Жастар мамандықты беделі мен жалақысы үшін таңдап, тек диплом алу үшін ғана оқиды.

Сондықтан да кәсіби білім сапасының деңгейі жеткіліксіз болып, ақсап жатады. Мамандықты материалдық құндылықтар үшін ғана емес, жүрек қалауымен таңдағанда ғана кәсіби, шебер мамандар көбейген болар еді. Мамандықты мектеп бітірер сәтте емес, бірнеше жыл ойланyp таңдау керек.

БАҒДАРЛАМА

«БОЛАШАҚҚА» ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛАДЫ

Биылдан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Болашақ» бағдарламасын қайта бағдарлау процесі іске қосылып отыр. Енді аз күнде еліміз бойынша «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқу үшін өтініштер ағымдағы жылғы 23 мамырдан бастап қабылдана бастайды. Өтініштер 2022 жылдың 14 қазанына дейін eGov.kz арқылы қабылданатын болады

Сондай-ақ, тағылымдамадан өту үшін құжаттар 5 қыркүйек пен 14 қазан аралығында қабылданады. Конкурстық іріктеу 2022 жылдың 30 мамыры мен 30 қарашасы аралығында өтеді.

Биылғы жылы магистратура мен резидентураға 385, докторантураға 60 стипендия бөлініп,



техникалық және IT мамандықтар бойынша гранттар саны 60 пайызға дейін ұлғайтылды. Ең басты назар инженерлік-техникалық кадрларды даярлауға аударылатын болды. «Инженерлік жүйелер мен желілер», «Авиация және аэроғарыштық техника. Өуе қозғалысын басқару», «Үлкен деректерді талдау», «Жаңа материалдар технологиясы», «Деректер базасын басқару», «Авиациялық техника және технологиялар», «Машина

жасау», «Өнеркәсіптік автоматтандыру», инновациялар, жаңа технологиялар, медицина және өнеркәсіптік инженерия, жаратылыстану ғылымдары саласындағы 40 жаңа мамандық енгізілді.

Жалпы, биыл «Болашақ» бағдарламасы бойынша басым мамандықтар тізіміне академиялық оқуға 92, тағылымдамадан өтуге 158 мамандық енгізілді. Басым мамандықтар тізімі техникалық мамандықтармен 30%-ға артып отыр.

ТЕМІРЖОЛ


Қазақстан теміржолындағы жолаушылар тасымалдау кешені мен магистральдық инфрақұрылымы жазғы тасымалдау маусымына әзірліктерін аяқтап қалды. Бұл туралы «Жолаушылар тасымалы» АҚ басшылығының өткізген баспасөз конференциясында айтылды.


**Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ**

Іс-шараға қатысушылар депоға барып, вагондарға техникалық қызмет көрсету және вагондарды жазғы кезеңде тасымалдауға дайындау барысымен таныстырды. Теміржолшылар журналистерге жылжымалы құрам паркінің жаңаруы, жазғы кезеңде жолаушылардың жол жүруінің ерекшеліктері және пойыз бригадасы қызметкерлерінің дайындығы және т.б. мәселелер туралы айтып берді.

Ағымдағы жылы жолаушыларды тасымалдау үшін мемлекетаралық пойыздарды есепке ала отырып, барлығы 158 жолаушылар пойызы ұйымдастырылады. «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның құрылуымен 107 пойыз және 12 жеке тасымалдаушыдан 30 пойыз жолға шықты. ҚР ИИДМ жаз мезгіліне көрші елдерден 21 мемлекетаралық пойызды іске қосу жоспарланып отырғанын хабарлады.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ басқарма төрағасы Жәнібек Тайжанов Ұлттық тасымалдаушы жолаушылар вагондары паркін жыл сайын жаңартып келе жатқанын атап өтті. 2010 жылдан бастап 2021 жылға дейін 1100-ден астам вагон сатып алынса, соның 600-ден астамы тальго вагоны екенін, ағымдағы жылы «Жолаушылар тасымалы» АҚ 73 жаңа вагон сатып алуды жоспарлап отырғандарын атап өтті.

Ұлттық тасымалдаушыда 2000 вагон болса, соның 800-ден астамы – ескі үлгідегі, яғни олардың пайдалану мерзімі 28-ден 44 жылға дейін. Қызмет ету мерзімі өткеннен кейін вагондар тіркелім паркінен шығарылған. Вагондарды пайдаланудың мерзімі – 28 жыл, бірақ оның жарамдылығын ұзартқан кезде жолаушылар вагондары 44 жылға дейін жарамды бола алады.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ-да тазалық пен төсек-орын жабдықтарына қатысты жаңа стандарттар қабылданды, яғни вагондарды жинау нормативтері қайта қаралды және жолаушылар пойыздарында клининг және санитарлық-гигиеналық құралдармен жарактандыру бойынша жаңа стандарт әзірленді. 2019 жылдың қараша айынан бастап жолаушыларға арналған төсек-жабдықтар жақсара бастаған.

«Егер бұрын төсек-орын қарапайым бөзден болса, қазір сапалы матадан жасалған. Мақта төсеніштері су өткізбейді және отқа төзімді. Егер бұрын көрпелер қысқы және жазғы деп бөлінсе, қазір олар әмбебап – жүннен жасалған. Осылайша «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздардағы матрастарды, жастықтарды, көрпелерді ауыстырып, жаңа стандарттар бойынша тігілген жаймалармен және жастық тысымен жабдықтай бастады. Жолаушылардың қанағаттанушылығына бағытталған осындай саясат нәтижесінде жұмыста клиентке бағдарлану пайызы айтарлықтай жақсарды», – деп есептейді «Жолаушылар тасымалы» АҚ Бас директоры Жәнібек Тайжанов.

2019 жылдың шілде айынан бастап билеттер сатылымы толығымен «Мобиус» электронды жүйесіне ауыстырылған. Ол сату арналарын едәуір кеңейту есебінен халық үшін билет

«Жолаушылар тасымалы» жазғы маусымға дайын



сатып алу жағдайын жақсартуға мүмкіндік берген. Бұл жеке билет кассалары 3 мыңға жуық агенттік касса, оның ішінде пошта бөлімшелері, 15 интернет сайт, оның ішінде «КТЖ»

ҰК» АҚ-ның BILET.RAILWAYS.KZ сайты, «КТЖ билеттері» мобильдік қосымшасы мен 30 мыңға жуық өзіне-өзі қызмет көрсету автоматтары іске қосылды.

«Жол жүру құжаттарын электрондық сатудың жетілдірілген жүйесі билеттердің жасанды тапшылығын жасау тәжірибесін барынша азайтуға көмектесті. Орындар мен күту парағын «аулауды» блоктау функциялары бар. Оны енгізу тұрғындарға билеттерді «алыпсатарларға» жүгінбей-ақ сатып алуға мүмкіндік беретін оң өзгерістер әкелді. Билеттерді сатып алу процесі ашық, сондықтан билеттерді сатумен байланысты заңға қайшы іс-әрекеттер жасау мүмкін емес», – дейді «Жолаушылар тасымалы» АҚ Бас директоры Жәнібек Тайжанов. Сондай-ақ, 2020 жылдың қаңтар айынан бастап билеттерді қайта сатқаны үшін әкімшілік жауапкершілік күшейтілді.

Бүгінгі таңда онлайн сатылымның үлесі 70%-ды құрайды, бұл өткен жылдың деңгейінен 16% жоғары. Елде карантин режимінің енгізілуіне байланысты жолаушылардың көпшілігі билеттерді онлайн сатып алады. Осыған байланысты ұлттық тасымалдаушы билеттерді электрондық сату жүйесін жетілдіру бойынша шаралар қабылдады.


МЕДЕУ

Жазда жұмыс тоқтамайды


**Досбол
АТАЖАН**

«Медеу» мұз айдынының баспасөз хатшысы Кирилл Пяртельдің айтуынша, маусым, шілде және тамыз айларындағы ауа температурасы айдын аумағын толықтай мұзбен қатыруға мүмкіндік бермейді.

– Жазғы мұз айдыны ерекше жоба болмақ. «Медеуде» бұрын-соңды мұндай болған емес. Әрине, бұрын жазғы кезде Дінмұхамед Қонаев сынды жоғары басшылардың сапарлары кезінде мұз айдыны уақытша жұмыс істеген. Бірақ бұл бір



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

күндік қысқа мерзімді шаралар еді. Осы күнге дейін мұз айдынын күздің басында не көктемнің соңғы айларында ашқан күндеріміз болды. Алайда, мұз айдынының жаз бойы жұмыс істеуі – біз үшін жаңа тәжірибе, – деді мекеме өкілі.

Сонымен қатар, «Медеуге» келушілер «жазғы орталықта» ғана емес, сондай-ақ скейтпаркте, ролик алаңдарында және басқа да демалыс орындарында уақытын жақсы өткізе алады.

– Жазғы орталықтың ашылуы – мұз айдынын дамыту бағдарламасының бір бөлігі ғана. Біз 50 жылдық мерейтойды кеңінен атап өтуге дайындалып жатырмыз және «Медеу» алматылықтар мен қала қонақтарының сүйікті демалыс орны болып қалуы үшін қолдан келгенін бәрін жасаймыз, – деп түйіндеді Кирилл Пяртель.



КӘСІПҚОЙ БОКС

ҮЛКЕНДІ СЫЙЛАҒАН БАТЫР

Жәнібек пен Дигнум арасындағы жекпе-жекті көптен бері күткен болатынбыз. Соның нәтижесі жерлесіміздің пайдасына шешілді. Сөйтіп, жанкүйерлерді бір серпілтіп тастады.

(Басы 1-бетте)

Мұның алдында Қытайда өткен жарыста финалға шыққан екі қазақ (Нұрсейіт Айбек пен Ғабит Тұрғанбек)

Қазақ боксшысы Жәнібек Әлімханұлы (12-0, 8 KO) британиялық Дэнни Дигнуммен (14-1-1, 8 KO) кездесуден соң мәлімдеме жасады.

Қазақ боксшысы (11-0, 7 KO) WBO нұсқасы бойынша орта салмақта «уақытша» чемпион атағы үшін кездесу өткізді. Жәнібек Лас-Вегаста (АҚШ) британиялық Дэнни Дигнумға (14-0-1, 8 KO) қарсы шықты. Жекпе-жек 12 раундқа есептелген болатын. Ол екінші раундта қарсыласын нокаутқа түсіріп, жеңіске жетті.

бір-бірін ұрудан бас тартты. Көз түйіспіру кезінде де қос батыр бір-біріне бас киімдерін сыйлап, ізеттілік танытты. Жекпе-жек кезінде елдің көзін алдап жұлқыласқан болады, бірақ жұдырық жұмсамайды. Тірескен болады, бірақ текті ұлдар бірін-бірі теппейді. Сол кезде әлем «Қазақтар не деген халық?» деп таңқалды. Мұндай күптеген бұрылысты бұған дейін ешкім көрмеген. Бұл – қазақтың ежелден келе жатқан тәрбиесі, мінезі. Біздің спортшылар қазақтың тектілігін әлем алдында дәлелдеп, қазақтың бауырмалдығын барша жұртқа көрсетіп келеді. Алаш тұлғасы айбарлана берсін!

«Мен өзімнің жанкүйерлеріме көп алғыс айтамын, қолдау көрсеткендеріңіз үшін рахмет! Сіздер маған

қаншалықты зор қолдау көрсетілгенін көрдіңіздер. Алайда, мен өзімнің ең мықты соққымды көрсеткен жоқпын. Оны келесі кездесуде тамашалайтын боласыздар!», – деді ол. Сондай-ақ, ол кездесуден соң Головкинмен кездесу туралы сауалға да жауап берді.

«Головкин «мексика стилін» көрсеткісі келетінін айтатын. Ал сен бізге «қазақ стилін» көрсеттің. Головкинмен кездескің келмей ме?» деген сауал қойды жүргізуші Жәнібекке.

«Мен қашан да әлемге «қазақ стилі» қандай болатынын көрсеткім келген. Қазақ салтында жастар үлкенге қарсы шықпайды. Мүмкін ол супер жартылай салмаққа көшер, ал мен орта салмақ дивизионындағы барлық атақтарымды жинайтын едім», – деді Жәнібек Әлімханұлы.



Жәнібекке жүйрік жетпейді

Осылайша Жәнібек Әлімханұлы кәсіби бокста өзінің 12-ші жеңісіне қол жеткізді және кәсіби бокста WBO нұсқасы бойынша орта салмақта «уақытша» чемпион атанды.

Британиялық боксшы үшін бұл кәсіби бокстағы алғашқы жеңіліс. Айта кетейік, WBO нұсқасы бойынша нағыз әлем чемпионы америкалық боксшы Деметриус Андраде (31-0, 19 KO).

СЕМСЕРЛЕСУ



Қазақстан ұлттық семсерлесу федерациясының кезектен тыс конференциясында президент Мирбулат Абуов пен бас бапкер Алексей Писцов қызметінен босатылды.

Жиналысқа қызметінен босатылғандар келмеді. Олар 2017–2021 жылдар аралығындағы жұмыс есебін өткізуі қажет еді. Жаңа өткен сайлауда көпшілік дауыспен Рушидин Кичиков федерация президенті қызметіне келді. Бас бапкерлікті Андрей Алефиренко атқарады.

АУЫС-ТҮЙІС

ХОККЕЙ

Соңғы кездері хоккейшілеріміз дүбірлі додада топ жара алмай келеді. Өткен жолы да жеңілістің дәмін татқан. Бұл жолы да соны қайталап тұр.

Әлем чемпионаты аясында ел құрамасы хоккейден 2022 жылғы алтыншы кездесуін өткізді.

Юрий Михайлис шәкірттерінің кезекті қарсыласы Германия құрамасы болды. Бұл ойында Қазақстан хоккейшілері 4:5 есебімен жеңіліп қалды. Осылайша отандастарымыз қатарынан алтыншы ойында жеңіліп отыр. Бұған дейін Қазақстан құрамасы чемпионатта бес ойын өткізіп, бәрінде жеңілген. Бұған дейін олар Дания (9:1), Франция (2:1), Швейцария (3:2), Канада (6:3) мен Словакияға (4:3) есе жіберді.

ӨТТЕГЕН-АЙ!

ВЕЛОСПОРТ

АЛЕКСЕЙ АЗИЯНЫҢ ҮЗДІГІ АТАНДЫ

Қазақстанда екінші Винокуров пайда болды дей аламыз. Өйткені, велоспорт саласы қарқынды дамып келеді. Үздіктер жеңіс жолын үзіп, аса бір тоқыраудың торына түсе қойған жоқ.

Қазақстандық спортшы, «Астана» клубының велошабандозы Алексей Луценко UCI-дің құрлықтық рейтингінде жеке-дара көш бастап тұр. Оның еншісінде 1233 ұпай бар.

Азияның ең үздік велошабандозы деп танылған жерлесіміз ондай құрметке әбден лайық. 29 жастағы Солтүстік Қазақстан облысының тумасы 2011 жылдан бері «Астананың» сапында өнер көрсетуде. Ол Қазақстан біріншілігі мен Хайнань, Алматы, Оман турларының бірнеше дүркін жеңімпазы. Луценко 2017 жылы «Испания Вуэльтасының» кезеңдік сайысында топ жарды. Ұлттық командалымыздың сапында 2014 жылы Инчхон мен 2018 жылы Жакартада алауы тұтанған жазғы Азия ойындарында бас жүлдені олжалады. 2017 жылы Бахрейнде Алексей құрлық чемпионы атанды. Сондай-ақ, UCI-дің құрлықтық рейтингінде Қазақстан құрамасы бірінші орынды иеленсе, «Астана» клубы екінші орынды олжалады.

Ал «Джиро д'Италия» көпкүндігінің 14 кезеңі Саймон Йейтстің (BikeExchange-Jaeco) жеңісімен аяқталды. «Астананың» велошабандоздары арасында ең үздік нәтиже әлі де Виченцо Нибалиге тиесілі. Бұл жолы ол мәреге төртінші болып жетті. Осы нәтижесінің арқасында Нибали жалпы есепте сегізінші сатыға көтерілді.

ФУТБОЛ

Футболдан Қазақстан чемпионатының 12-туры аясында төрт кездесу жоспарланғанымен, ауа райының қолайсыздығына байланысты екі матч өтпей қалды.

АУА РАЙЫ ФУТБОЛҒА ДА ӘСЕРІН БЕРДІ

«Қайрат» өз алаңында «Шахтерді» қабылдады. Осының алдындағы алты ойында жеңіске жете алмай, өткен турда «Астанадан» ойсырай ұтылған алматылықтар осы жолы «Шахтерді» 2:0 есебімен жеңді. «Атырау» мен «Астана» матчын да жанкүйерлер қызыға тамашалады. Өте тартысты өткен кездесу 1:1 есебімен тең аяқталды.

«Ордабасы» мен «Ақсу» арасындағы матчтың 8-минутында Кәрім Сұлтанов алаң иелерін алға шығарған еді. Алайда, қатты соққан желден Шымкенттегі стадионның шатыры құлап, бәсеке тоқтатылды. Сондай-ақ, «Туран» мен «Ақтөбе» кездесуі де кейінге шегерілді.

БАСКЕТБОЛ



ҚЫТАЙДЫ ТАҢДАНДЫРҒАН ҚАЗАҚ

Қазақ баласы Қытай чемпионатында өнер көрсетіп жүр. Бұл жаңалық атамекендегі және күллі дүние жүзіндегі қандастарын бей-жай қалдырмады.

Баскетболдан Қытайдың ең жоғары лигасында (CBA) бақ сынайтын «Нанкин Манки Кингс» («nanjing tongxi monkey king») командасы Жауынгер Қойшанұлы есімді қазақ баласын қатарға қосты.

CBA командалары жаңа маусым алдында өздеріне лайық ойыншыларды таңдаған. Сол қатарда «Нанкин Манки Кингс» клубы төрт ойыншымен толыққан екен. Соның бірі 25 жастағы Жауынгер Қойшанұлы (бойы – 210 см, салмағы – 107 келі).

Осылайша Жауынгер баскетболдан Қытай чемпионатында өнер көрсететін алғашқы қазақ атанып отыр. Бұған дейін бірде-бір қазақ баласы CBA алаңында бой көрсетпеген еді. Қытай футболға қарағанда баскетболға біртабан жақын. Олардың баскетбол құрамасы әлемдік рейтингте 28-орында тұр (Қазақстан 75-орын). Сонымен қатар, қытай ойыншылары әлемдегі ең үздік лига – NBA-да бақ сынап тұрады. Мұны біз қандасымыздың қытай чемпионатына жолдама алуы тәп-тәуір нәтиже екенін дәлелдеу үшін айтып отырмыз.

Туған өлкесі



Жауынгер Қойшанұлы 1995 жылы 1 ақпанда Іле облысы, Тарбағатай аймағының Толы ауданында туған. Қарапайым малшы отбасында дүниеге келген Жауынгердің өмір жолымен осы материялды жазу барысында толық танысып шығудың сәті түсті. Бір кітапқа жүк болатындай қилы тағдыры бар қандасымыз бүгінгі биігіне жету үшін ұзақ жолды жүріп өткен екен.

Жалпы тұрмыстан құтылудың жалғыз жолы – жақсы оқу деген қазақы түсінікті бойына сіңірген Жауынгер бала жастан спортқа емес, оқуға ден қойған. Оқуда үздік баланы спорт алаңына ауыл мектебінің дене

шынықтыру пәні мұғалімі жетектеп әкелген. Ұстазы әу баста Жауынгерден жақсы жеңіл атлет шығады деп үміттенген екен.

Бірақ орта мектептің жоғары сыныбында оқып жүрген Жауынгерді үлкен қаладан келген баскетбол жаттықтырушысы байқайды. Ауылдарды аралап, таланттарды таңдап жүрген жаттықтырушы бойы екі метр, салмағы да мығым Жауынгерді нағыз баскетболшы болатын бала деп таниды. Сөйтіп, Жауынгер кеш те болса (18 жасынан бастап) кәсіби спортқа ден қояды.

Бірнеше жыл бойы тынбай құлшынған қазақ баласы баскетболдың қыр-сырын толық меңгереді. Шыңжаң университетіне оқуға түсіп, Қытайдағы белді чемпионат – CUBA лигасында (студенттер лигасы) өнер көрсетеді. Жауынгер бұл чемпионатта керемет нәтижелерімен көзге түсті. Орта есеппен әр ойында 29,3 ұпай жинап, 13,5 мәрте допқа бөрінен бұрын иелік етеді (подбор). Бұдан бөлек, ойын сайын 1,4 рет блок-шот қоя алады. Тіпті, Солтүстік-батыс дивизионның бірінші форварды атанады.

Осындай үздік нәтижелерінен кейін ол CBA командаларының көзіне түсіп, іріктеуге қатысуға мүмкіндік алады. Алайда, осы сәтте оны баулыған алғашқы спорт клубы дау шығарады. Аталған клуб тәрбиеленушісінен 500 мың юань (75 мың доллар) көлемінде өтемақы талап етеді. Егер мұны төлемесе CBA командаларына жібермейтінін айтқан. Бірақ Қытай баскетбол федерациясы мен «Нанкин Манки Кингс» клубы іске дер кезінде араласып, мәселені оң бағытта шешіп береді. Осының арқасында Жауынгер Қытайдың ұлттық чемпионатында өнер көрсетуге мүмкіндік алып отыр.

ТҮЙІН:

Данышпан Абай ағамыз «Бірінді – қазақ, бірін – дос, көрмесең істің бәрі бос» депті. Даналықпен айтылған сөз деп білеміз. Біздер шет елде спортшы атанып жүрген қандасымыздың жетістіктерін паш етуді көздедік. Сонымен бірге, дүниенің қай түпкірінде жүрсе де, білім алып оқыса да, тіпті сол елдің тізгінін ұстаса да, түбі бір түркі, қарға тамырлы қазақ екенімізді ұмытпағанымыз абзал демекпіз.

Бетті әзірлеген Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;

8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 7 айға – 4203,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 7 айға – 11343,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 7 айға – 3083,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

ӘСКЕР

Жаңа жеңілдіктер ұсынылды

ҚР Білім және ғылым министрлігі мен Қорғаныс министрлігінің біріккен отырысында әскери міндеттілер үшін жеңілдіктер мәселесі талқыланды.



ҚР Білім және ғылым министрлігі әскерге шақырылған азаматтар үшін қандай жеңілдіктер қарастырылып жатқанын хабарлады. Министр айтқандай, отырыста келесідей жаңалықтар ұсынылды:

1. Әскери қызметті өткерудің тартымдылығын арттыру үшін әскери борышын өтегендерге және университет пен «Кадет» сыныбын бітірген түлектерге ЖОО-дардан 5% квота бөлінеді. Яғни жыл сайын 3000-нан астам грант беріледі.

2. Университет түлектері әскери қызметтен өткен жағдайда грантты 3 жыл бойы өтеу мерзімінен босатылады. Айта кеткен жөн, қазір мемлекет есебінен оқығандардың барлығына оны өтеу талабы қойылады.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

Қаладағы көлік шектеулерін ескеріңіз! Жылу желілерін қайта жаңғырту қолға алынады

Алматыда жылу желілерін қайта құру жоспарлануына байланысты бірнеше көшеде автокөлік қозғалысына шектеу қойылады.

2022 жылдың 24 мамыры мен 1 қыркүйегі аралығында Жетісу ауданында келесі көшелер жабылады:

– Серіков («Гүлдер» саябағы аумағынан Қазыбаев көшесіне дейін);

– Қазыбаев (Серіков көшесінен солтүстік бағытта №288 үйге дейін);

– Мақатаев (Ангарская көшесінен оңтүстік бағытта «Айнабұлақ-3» ықшамауданына дейін), сондай-ақ Бостандық ауданында Ерғожин көшесінің бойы жабылатын болады.

Медеу ауданында 25 мамыр мен 1 қыркүйек аралығында көше бойында көлік қозғалысы тоқтатылады:

– Қазыбек би (Уәлиханов көшесінен Абдуллин көшесіне дейін);

– Пушкин (Қарасай батыр көшесінен Төле би көшесіне дейін оңтүстік бағытта).

1 маусым мен 1 қыркүйек аралығында Медеу ауданында Төле би көшесінде (Батыс бағытта Уәлиханов көшесінен Зенков көшесіне дейін) көлік қозғалысына шектеу енгізіледі.

7 маусым мен 1 қыркүйек аралығында – Әуезов ауданында Садовникова көшесі бойынша (Төле би көшесінен Өтеген батыр көшесіне дейін №82 үйге дейін) шектеулер енгізіледі.



Енгізілген шектеулер аталған көше учаскелерінің жүріс бөлігімен өтетін құбырларды қайта жаңғырту жұмыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет, деп хабарлайды «Алматы жылу желілері» ЖШС баспасөз қызметі.

Тұрғындарға қолайлы жағдай жасау үшін үйлерге ыстық су уақытша схема бойынша берілетіні атап өтілді.

Компания туындаған қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды және осы қалалық аумақтарды айналып өту жолдарын іздеуді сұрайды.

3. Әскери қызметте немесе бітімгершілік және басқа да арнайы операцияларға қатысып, қаза тапқан әскери қызметшілердің балаларына университеттерде оқуға гранттар беру туралы норманы енгізу туралы ұсыныс айтылды.

4. Мерзімді әскери қызметін өтеп жүргендер үшін жаппай онлайн курстар ашу жоспарланып отыр. Қазір олардың әскери қызметті өткеруіне байланысты білім алуға мүмкіндіктері жоқ. Сондай-ақ, сарбаздардың оқу нәтижелерін қайта тексеру және қысқа мерзімді курстардан өтіп, біліктілік емтиханын тапсырып, оларға жұмысшы мамандығын алғаны туралы диплом беру мәселесі талқыланып жатыр.

5. Жаңа бастамалардың бірі – кейбір әскери бөлімдерде колледждер ашу. Осы мәселе бойынша талдау жүргізіліп, нақты шешім қабылданады.

6. Университеттердегі әскери кафедралар оңтайландырылып, қайта қаралады. Студенттерге нашар білім беріп, сапаны көтеруді ойламайтын әскери кафедралар алдағы уақытта жабылады. Сондай-ақ, әскери кафедралардың барлық қызметкері қайта аттестациядан өтеді.

7. Кадет сыныптарының түлектерін әскери-техникалық бағыттағы ЖОО-ларға қабылдау кезінде квота қарастырылады. Жалпы НҚА-да кадет сыныптарының жұмысы регламенттеледі. Қазір елімізде жалпы білім беретін мектептердің кадет сыныптарында 22 мыңнан астам оқушы білім алып жатыр.

8. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу бағдарламасы білім мен машық алу бағытында жаңартылады.

«Еліміздің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету, отансүйгіштікке тәрбиелеу, жастарды алғашқы әскери даярлықтан өткізу және офицерлер даярлау – ол ортақ міндет. Ал осы бағытта біздің министрлік өте маңызды рөл атқарады. Осы бағыттағы бастамаларымыз оқуға түсушілерді ынталандырып, әскери қызметке деген қызығушылықты арттырады деп ойлаймын», – деді Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Akshamy» ЖШС.
almatyqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Динара МҰРАТ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясының бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.



**Балалар
жылы
2022**

Балаларды қолдау артып келеді



**Рая
ЕСКЕНДІР**

Балалар жылы аясында мемлекетіміз дарынды оқушыларды ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік осал топтағы балаларды да қолдаудың маңызды екенін басты назарға алып отыр. Дәл қазір елімізде дарынды балаларды қолдау мақсатын – да ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанмен, меритократия мен инклюзивтіліктің тепе-теңдігін сақтау да өте маңызды.



Қазіргі кезде мектептерде, колледждер мен университеттерде осы мәселені теңестіру үшін көптеген жұмыстар жүзеге асырылып жатыр. Биыл әлеуметтік осал отбасы балалары үшін мамандандырылған мектептерге түсуге жаңа 15%-дық квота енгізу туралы шешім қабылданды. Яғни енді осындай отбасылардан шыққан 2 мыңнан астам бала жаңа квота бойынша БИЛ, Дарын және т.б. мектептерге оқуға түсе алады. Әрине, 15% деген аса көп емес. Сондықтан мамандандырылған оқу орындары басшыларына мектептердің нәтижелеріне әсер етеді деп алаңдауға да негіз жоқ сияқты. Жоғары академиялық жетістіктері бар балалармен қарым-қатынас пен қоршаған орта осы оқушыларға оң әсерін тигізіп, олардың тез бейімделіп, білімдерін шыңдап, жетістікке жетері анық.

Қазіргі кезде білім жүйесіне «Сандық (цифрлы) репетитор» жобасы енгізіліп жатыр. Мұндағы басты мақсат – әлеуметтік осал отбасыдан шыққан балаларға (500 мыңға жуық оқушы) апта сайын тегін математика, тіл немесе жаратылыстану пәндерінен кемінде 3 қосымша сабақ алу мүмкіндігі берілетін болды. Сәтін салса, бұл жобаға «Қазақстан халқы» қоры қаржыландыру көрсетуі мүмкін. Сонымен қатар, биыл республикалық бюджеттен қосымша 45 мың грант бөлінді. Бөлінген гранттар жастарды біліммен қамтуды арттыру мақсатында әкімшіліктер мен жергілікті колледждерге берілетін болады. Былтырдан бастап гранттарды бөлу кезінде алғаш рет әлеуметтік осал отбасыдан шыққан балалардың университетте оқуы үшін квота енгізілген еді. Осы ретте былтыр мүмкіндігі аз болғандардың енді мемлекет есебінен білім алу мүмкіндігі айтарлықтай артатын болды.

Квоталар санының артуына былтырғы оқу жылының нәтижесі мен тиімділігі де айтарлықтай әсер етті. Сондықтан тиісті орындар болашақта бұл квотаны одан әрі ұлғайтып, жалпы грант санының 15%-ына жеткізуді жөн көрді. Осылайша халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан тағы 5 мың бала мемлекеттік бюджетке оқуға мүмкіндік алып, осы жылы ауыл мектептері түлектерінің жоғары білім алуға қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында оларға бөлінетін квота саны 35 пайызға дейін ұлғайтылып отыр.

РЕФЕРЕНДУМ2022

Алматылықтар не дейді?

5 маусымда Конституцияға енгізілетін өзгерістерге қатысты жалтыхалықтық референдум өтеді. Осы орайда алматылықтардың пікірін сұрап, сауалнама жүргізген едік



Нұрсұлтан БЕКҚАЙЫРОВ,
қала тұрғыны:

Референдумды жастар қолдайды

Референдум еліміз үшін маңызды оқиға болмақ. Ол туралы жан-жақтан айтылып жатқандықтан, халық жақсы хабардар. Мен өзім «Қазақстан еріктілер лигасының» құрамындамын. Сондықтан Алматы қаласының жастар ұйымдарының атынан 5 маусым күні өтетін референдумды жастар қолдайды деп айта аламын. Осы бастаманы халыққа, оның ішінде, жастарға насихаттауда біздің ұйымдарымыз өз үлесін қосып отыр. Түпкі мақсатымыз – тек Алматы қаласының емес, бар Қазақстанның жас азаматтары мен азаматшаларын референдум аясында біріктіру. Осы уақытқа дейін Мемлекет басшысы халық пен биліктің біріге жұмыс істеуінің маңызы туралы айтып келді. Алдағы референдум осы сөздердің орындалуының жарқын көрінісі. Сонымен қатар, Конституцияның 6-бабында халық жер мен табиғи ресурстардың иесі деген норманы бекіту көзделуде. Айтылған заңнама қабылданатын болса, бұл халқымыз үшін игі жаңалық болмақ.



Айман ҰЙҚАСҚЫЗЫ,
ардагер-ұстаз, Түрксіб ауданының тұрғыны:

Менің де даусым маңызды

Алдағы өтетін республикалық референдумнан күтерім көп. Ел Президентінің маңызды шешім қабылдау тұста көптің, қоғамның сөзіне құлақ асып, халықтың пікірін білгісі келгені куанарлық жайт.

Халықтың барлығы саяси сауатты бола қоймаса да, олар өздеріне жайлы өмір сүру үшін не қажет екенін жақсы біледі. Сол тұрғыдан қарағанда, біздің дауысымыз маңызды шешім қабылдауда аса керек деп ойлаймын. Бізге ешкім сырттан келіп Жаңа Қазақстанды жасап бермейді. Әділетті Қазақстан құру – өз қолымызда.


Мен балаларымның, немерелерімнің жайлы өмір сүруі үшін, елімнің әл-ауқаты жоғары болуы үшін референдумға атсалысамын. Сіздерді де шақырамын.



Нұргүл ЕСКОЗЖАЕВА,
кітапханашы:

Бәрі өз қолымызда!

Қазақстанда әр азаматтың өз қабілетін іске асыруына барынша қолайлы жағдай жасалады, қолынан іс келетін, қоғам ісіне белсене атсалыса алатын әрбір адамның жақсы өмір сүру барынша қолайлы мемлекетті құруға өз үлесін қосуына мүмкіндігі бар. Президент ұсынған Конституцияға енгізілетін өзгерістер бойынша өткізілетін бүкілхалықтық референдумда дауыс беру арқылы өз үнін қоса алады. Бұл референдум Қазақстан халқының жұдырықтай жұмылып, азаматтық қоғамға негізделген жаңа мемлекетті құру жолындағы зор қадамы болмақ. Президентіміз Қ.Тоқаевтың Жаңа Қазақстанды жаңа Заңмен бастауы дұрыс деп ойлаймын. Республикалық референдумда бізге, яғни халыққа дауыс беруге мүмкіндік беріліп отыр. Оның өзі біраз болсын, алға басқанымыз. Бәріміз бір ауыздан дауыс берейік. Бізге сырттан келіп ешкім Жаңа Қазақстанды жасап бермейді. Бәрі өз қолымызда!



Гүлім БАҒДАТҚЫЗЫ,
«Dara Star» өнер орталығы директорының орынбасары:

Дауыс беруге дайынбыз!

Иә, 5 маусымда референдум өтетінін, дауыс беретінімізді ақпарат құралдарынан, әлеуметтік желілерден оқып, біліп отырмыз. Ең бастысы, саяси науқан бұрынғыларға ұқсап кетпесе екен деймін. Бізге халықтың үнін еститін, үнін ести отырып, талап-тілегін орындайтын мемлекет керек! Сондықтан алдағы референдумнан тың жаңалықтар күтеміз. Өз басым мұндай саяси шаралардан ешқашан қалған емеспін. Тіпті, осындай азаматтық ұстанымым үшін көпке үлгі болып та жүрмін. Бұл жолы дауыс беруге көршіміз екеуміз бірге барамыз деп келістік. Біз Әділетті Қазақстан құру үшін дауыс беруге дайынбыз!

КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІНЕН

СӨЗ БАСЫ:

Бізді көптен бері толғандырып жүрген бір ойлар бар. Бұл жөнінде үнемі айтып, кей-кейде, оқта-текте қалам тербеп те жүрміз. Дәлірек айтқанда, бұған дейін тәптіштеп жазбасақ та, іріктеп қағаз бетіне түсірдік. Оның біршамасын жарияладық та. Соның сабағын тарқататын уақыт келді. Ата-бабамыз жақсыны көрмек үшін дейді. Дәл тауып айтылған нақыл сөз. Сол себепті де, игі істер жасау үшін, ең бастысы, біздер өзімізді қайрауымыз керек сияқты. Философтардың меңзейтіні де осы.

Ізгіліктен үміт үзбеңіз

Бір оқиғаны баян етейік. Ойымызға тұздық болсын. Бәлкім, кейбір жандарға ой салар. Дегенмен, кім білсін?!

Ертеректе ағайынды екі жігіт өмір сүріпті. Ағасы бір елдің ханы болса, інісі уәзір екен. Араларынан қыл өтпестей дос, сырлас көрінеді. Бірақ екеуінің де әйелдері бірімен-бірі күндес, бақталас, араз болыпты. Сөйтіп, сол кикілжің бауырлар арасына түседі. Осылайша, баяғы қатынас үзіліпті. Ағасы жиын жасаса, інісі келмейді, інісі мәжіліс ашса, ағасы бармай жүріпті. Содан не керек, әлгі уәзір ағасына елшіден хат жіберіпті. Ашып оқыса, «маған келіп кешірім сұраңыз» депті. Мұны оқып, қаны басына шабады. Тағы да елші хатты жеткізеді. Содан хан «енді келсең, сенің басыңды аламын» деп елшіге қатаң ескерту жасайды. Болған жағдайды елші інісіне хабарлайды. Үшінші рет хатты жібертеді, елшінің өміріне өзі кепілдік етеді. Бұл жолы хатты оқыған ағасы көзіне жас алып, есік аузындағы інісіне жүгіріп барып жылап, құшақтап сүйе бастайды. Кешірім сұрайды. Бұған жұрттың бәрі аң-таң қалысыпты. Осы хаттың құдіреті неде деген заңды сауал туары анық. Онда «кім бірінші болып кешірім сұраса, соның табаны жұмаққа бірінші тиеді деген екен. Аға, мен сіздің барша жақсылық, ізгілік, мейірбандық атаулыға ие болуыңызды тілеймін. Кешіңіз, ағаттығымды!» депті.

Бұл – адамға ізгілік жасаудан танбаныз дегенді білдіреді. Оның ішінде бауырдың жөні бір бөлек дегенді меңзейді.

Игі ойлар көңілді жадыратады

«Әр адам күніне тым болмағанда, бес минут ақымақ болады. Ақылды адам атанудың жолы – сол лимитті азайту», – депті данышпан Дейл Карнеги. Расында солай. Қазір айналаға көз жіберсеңіз, небір ақылды, білімі мен білігі келіскен жастарға көзіңіз түседі. Шетінен мықты. Ылғи «сен тұр, мен атайын» дейтін қаракөздеріміздің қатары артқан. Бұл – өте қуанарлық жағдай. Ғылым мен техниканы игерген, сауатты, шет тілдерінде сайрайтындарды көріп,

таңданасыз. Бір жағынан сүйсініп, қазақтың ұл-қыздарының құлшынысына сондай разы боласыз. Бәлкім, мұны мына нарықтық заманның, бәсекелестік кезеңнің артып бара жатқанымен байланыстырсақ, артық емес шығар. Өйткені, әрбіріміз күн көруіміз керек. Егер өзіңізге бұйырып тұрған затқа қол созсаңыз, онда ол жақындай түседі. Бірақ осы аталғанның бәріне тек қана жете білу қажет. Ол үшін талпыныс түгесілмегені абзал.

Бізді көптен бері толғандырып жүрген бір ойлар бар. Бұл жөнінде үнемі айтып, кей-кейде, оқта-текте қалам тербеп те жүрміз. Дәлірек айтқанда, бұған дейін тәптіштеп жазбасақ та, іріктеп қағаз бетіне түсірдік. Оның біршамасын жарияладық та. Соның сабағын тарқататын уақыт келді.

Ата-бабамыз жақсыны көрмек үшін дейді. Дәл тауып айтылған нақыл сөз. Сол себепті де, игі істер жасау үшін, ең бастысы, біздер өзімізді қайрауымыз керек сияқты. Философтардың меңзейтіні де осы.

Күліп жүруге тырысыңыз

Адамның жанының жадырайтын кезі ол күле білген шағында. Сатирик Ұәлибек Әбдірайымов «өз көңіліңізді өзіңіз көтеріңіз, сізге басқа біреу сырттан келіп көтеріп бермейді» дейді. Сөзінің жаны бар. Шынымен де, айналадағы сәттерден бір ауық ойды бөліңіз. Түрлі комедиялық фильмдер, қысқаша роликтер қарай жүріңіз. Мүмкін болса, Қожанасыр мен Алдар көсе жайындағы қысқаша әзілдерді жаттап алыңыз. Той-жиын, отырыстарға барғанда қажет болмақ. Қазақ «Аузында әзілі жоқтың, қойнында қолшоқпары жүреді» дейді. Дөп табылған сөз. Күніге 30–40 минут әзіл көруге, оны һәм қызықты етіп айтуға тырысыңыз. Сонда сергек боласыз. Ісіңіз алға басады.

Қым-қуыт тірлікті жеңіл қабылданыз...

Америкалық ғалымдардың айтуынша, адам өмірінің 25 жылы ұйқымен өтетін көрінеді. Ал қытай философы Конфуций «ұйқы деген – кіші өлім» депті. Мейлінше, ұйқы мен тамақты дұрыс жоспарлаған дұрыс. Барлығын бір қалыпты режимде ұстаңыз. Сонда сізде әлсіздік пен шаршау болмайды. Мүмкін қатты шаршаған уақытта көбірек тыныққан да жөн шығар. Мұны әркімнің өз еркіне қалдырдық. Миы қажетсіз ақпаратпен толтырмаңыз. Сөздің тоқтатері, мәселені жеңіл қабылдап үйренген адам бәрінен озбақ.

ТҮЙІН:

Былай қарап тұрсаңыз, түк қиын нәрселер емес. Барлығын жасауға әрі жүзеге асыруға болады. Тек ниет пен ынта керек. Осы аталғандарды біртіндеп іске асыруға дағдыланыңыз. Бәрі өзіңіздің қолыңызда! Ойға алған істердің орындаларына сеніңіз!

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

ВАЛЮТА БА-
ҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 450,12 теңге

\$ USD/KZT 425,02 теңге

₽ RUB/KZT 7,17 теңге

¥ CNY/KZT 63,75 теңге